

«City Transportation Systems» ЖШС

Басқарма төрағасының

2023 жылғы «23» қаңтардағы

№ 03-2/12 бұйрығымен бекітілді



**«Астана қаласының жол ақысын төлеу және қоғамдық көлікті
диспетчерлендіру электрондық жүйесін жаңғырту» жобасын іске асыру
үшін бірлескен қызмет бойынша «City Transportation Systems» ЖШС
серіктесін анықтау жөніндегі
КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА**

Конкурсты ұйымдастырушы: «City Transportation Systems» ЖШС
Төлем жүйелері департаменті

Занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 9, 2-қабат

Конкурстық комиссия хатшысы: Шәріпбаев Г.Н.
Байланыс телефоны: +7 (700) 485 55 29
E-mail: office@cts.gov.kz

Астана қ. 2023 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Осы конкурс «Астана қаласының жол ақысын төлеудің және қоғамдық көлікті диспетчерлендіру электрондық жүйесін жаңғырту» жобасын іске асыру үшін бірлескен қызмет бойынша серіктесті айқындау мақсатында өткізіледі.

2. Серіктесті анықтау ашық конкурс арқылы жүзеге асырылады.

3. Осы конкурстық құжаттама бірлескен қызмет туралы шарт бойынша «Астана қаласының жол ақысын төлеу және қоғамдық көлікті диспетчерлендіру электрондық жүйесін жаңғырту» жобасын іске асыру үшін «City Transportation Systems» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) серіктесін айқындау бойынша конкурстық іріктеуді өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

4. Іске асыру мақсатында осы конкурс өткізілетін жоба деп мыналар ұғынылады:

осы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін Астана қаласында жол ақысын төлеу және қоғамдық көлікті диспетчерлендіру электрондық жүйесін 2023 жылғы 01 шілдеге дейін кемінде 200 (екі жүз) автобуска енгізу;

осы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін Астана қаласында жол ақысын төлеу және қоғамдық көлікті диспетчерлендірудің қолданыстағы электрондық жүйесін 2023 жыл ішінде кезең-кезеңімен жаңғырту;

осы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін Астана қаласында жол ақысын төлеу және қоғамдық көлікті диспетчерлендіру электрондық жүйесін тасымалдаушылар сатып алатын автобустарға бірлескен қызмет туралы шарттың қолданылу мерзімі ішінде енгізу.

5. Конкурстық құжаттамада мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) интернет ресурс - <https://transcard.kz>, <https://cts.gov.kz>;

2) конкурсты ұйымдастырушы – Серіктестіктің Төлем жүйелері департаменті;

3) серіктес – осы конкурстық құжаттамада белгіленген тәртіппен конкурстың жеңімпазы деп танылған заңды тұлға немесе консорциум;

4) әлеуетті серіктес – конкурсқа қатысу үшін осы конкурстық құжаттамада белгіленген тәртіппен тіркелген заңды тұлға немесе консорциум.

6. Конкурстық өтінімдерді қабылдаудың басталу күні: 2023 жылғы 24 қаңтарда Астана уақыты бойынша сағат 09.00-ден бастап.

7. Конкурстық өтінімдерді қабылдаудың аяқталу күні: 2023 жылғы 20 ақпанда Астана уақыты бойынша сағат 18.00-ге дейін.

8. Өтінімдерді қабылдау орны: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі 9, 2-қабат.

9. Конкурстық өтінімдерді ашу: 2023 жылғы 21 ақпанда Астана уақыты бойынша сағат 10.00.

10. Бірлескен қызмет бойынша серіктесті айқындау жөніндегі конкурс келесі іс шараларды өткізуді көздейді:

1) бірлескен қызмет бойынша серіктесті айқындау бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру және конкурстық құжаттаманы интернет ресурстарда орналастыру;

2) конкурстық құжаттама ережелерін талқылау және түсіндіру, қажет болған жағдайда конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізу;

3) әлеуетті серіктестердің конкурстық өтінімді және қажетті құжаттаманы конкурсты ұйымдастырушыға ұсынуы;

4) конкурстық комиссияның конкурстық өтінімді ашуы және конкурсты ұйымдастырушының конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасын интернет ресурстарда орналастыруы;

5) конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдерді алдын ала қарауы және әлеуетті серіктестердің жол ақысын төлеудің және көлікті диспетчерлендірудің ұсынылатын электрондық жүйесінің техникалық мүмкіндіктерін көрсетуін жүргізуі (қажет болған жағдайда жүргізіледі);

6) конкурстық комиссияның әлеуетті серіктестерді конкурсқа жіберу туралы шешім қабылдауы;

7) конкурстық комиссияның әлеуетті серіктестерді конкурсқа жіберу хаттамасын интернет ресурстарда орналастыруы;

8) серіктесті анықтау және конкурс қорытындылары туралы хаттаманы интернет-ресурста орналастыру;

9) конкурсты ұйымдастырушының серіктеспен бірлескен қызмет туралы шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізуі;

10) серіктеспен бірлескен қызмет туралы шарт жасасу;

11) конкурсты ұйымдастырушы қажет болған жағдайда 5 мүшеден аспайтын қосымша Байқау кеңесін құруы мүмкін;

12) Байқау кеңесінің құрамына Астана қаласының жергілікті атқарушы және өкілді органының өкілдері енгізілуі мүмкін;

13) Байқау кеңесі Комиссияның қызметіне бақылауды жүзеге асыру және конкурсқа қатысушылардың құқықтарын қорғау үшін құрылады;

14) Осы конкурстық құжаттама мыналарды қамтиды:

1) әлеуетті серіктеске қойылатын жалпы және арнайы талаптар (конкурстық құжаттаманың 9-тарауы);

2) конкурстық өтінім нысаны (№1 қосымша);

3) жол ақысын төлеудің және көлікті диспетчерлендірудің электрондық жүйесін бағалауды есептеу (№2 қосымша);

4) бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың жобасы (консорциумдық келісім) (№3 қосымша);

5) жоба бойынша конкурс өткізу үшін қажетті өзге де мәліметтер.

2. Конкурстық құжаттаманың ережелерін алдын ала талқылау, түсіндіру және өзгерістер енгізу

15. Әлеуетті серіктестер конкурстық құжаттамамен таныса отырып, қажет болған жағдайда конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы жазбаша сұраумен конкурсты ұйымдастырушыға жүгінуге құқылы.

Түсіндіру үшін өтініш конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

Конкурсты ұйымдастырушы жазбаша сұрау салу тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап жібереді және сұрау салудың кімнен түскенін көрсетпей, барлық әлеуетті серіктестерге түсіндірмені назарға жеткізеді.

Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың мазмұны бойынша түсіндірмелерді интернет-ресурста орналастырады.

16. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы талқылау қорытындылары бойынша конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді, мұндай қажеттілік болған кезде талқылау аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қамтамасыз етеді және бекітілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып, конкурстық құжаттаманы интернет-ресурста орналастырады.

3. Әлеуетті серіктестердің конкурстық өтінімді ресімдеуіне және ұсынуына қойылатын талаптар

17. Конкурстық өтінім әлеуетті серіктестің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптармен және шарттармен келісімін, сондай-ақ әлеуетті серіктестің ол туралы жалпы және арнайы талаптарға сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

18. Конкурстық өтінімді әлеуетті серіктес қазақ немесе орыс тілдерінде конкурстық құжаттамаға №1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша ресімдейді және конкурстық құжаттамада көрсетілген құжаттарды қамтуға тиіс.

19. Әлеуетті серіктес бір ғана конкурстық өтінім бере алады.

20. Конкурстық өтінімді әлеуетті серіктес оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін тігілген түрде, нөмірленген және қол қойылған беттермен ұсынады, оның соңғы беті әлеуетті серіктестің қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Конкурстық өтінімді әлеуетті серіктес мөрленген конвертте немесе өзге де мөрленген қаптамада әлеуетті серіктестің толық атауы мен пошталық мекенжайы, конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайы және серіктесті айқындау жөніндегі конкурстың атауы көрсетіле отырып ұсынады.

21. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған конкурстық өтінім конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және әлеуетті серіктеске қайтарылады.

22. Конкурстық құжаттамада белгіленген мерзім ішінде Комиссия хатшысы конкурстық өтінімдері бар конверттерді қабылдайды.

23. Комиссия хатшысы:

1) тиісті түрде ресімделген конверттерді немесе конкурстық өтінімдері бар өзге де қаптаманы қабылдайды және оларды конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына тіркейді;

2) конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін енгізілген конкурстық өтінімге толықтырулар қабылдайды;

3) конкурстық өтінімнің қайтарылуын:

- конвертті немесе өзге де қаптаманы тиісінше ресімдемеген, конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінімді кері қайтарып алған;

- әлеуетті серіктес бұрын осы конкурсқа қатысуға конкурстық өтінім берген;

- конкурстық өтінім конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайда қамтамасыз етеді.

4. Конкурстық өтінімдерді толықтыру және оларды кері қайтару

24. Әлеуетті серіктес конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кешіктірмей:

1) енгізілген конкурстық өтінім толықтыруға;

2) өзінің конкурстық өтінімін қайтарып алуға құқылы.

Конкурстық өтінімді кері қайтарып алу туралы хабарлама әлеуетті серіктес қол қойған және мөрмен бекітілген (бар болса) конкурсты ұйымдастырушының атына ерікті өтініш түрінде ресімделеді.

Конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімді толықтыруға және (немесе) конкурстық өтінімді кері қайтарып алуға жол берілмейді.

6. Конкурстық өтінімдерді ашу және қарау

25. Комиссия конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің қатысуымен конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады.

26. Әлеуетті серіктестер немесе олардың уәкілетті өкілдері конкурстық өтінімдерді ашуға қатысуға құқылы.

27. Комиссия әлеуетті серіктестердің конкурстық өтінімдерін қарау кезінде:

1) конкурстық өтінімдерді толықтығы және тиісті ресімделуі тұрғысынан зерделейді;

2) қажет болған жағдайда әлеуетті серіктестерден конкурстық өтінімдерді толық қарау, бағалау және салыстыру үшін олардың конкурстық өтінімдері бойынша нақтылайтын материалдар мен түсініктемелер сұратады;

3) әлеуетті серіктестердің конкурстық құжаттаманың жалпы және арнайы талаптарына сәйкестігін айқындайды;

4) әлеуетті серіктестерді конкурсқа жіберу туралы шешім қабылдайды;

5) конкурстық өтінімдерді конкурстық құжаттамада белгіленген критерийлерге сәйкес бағалайды;

6) қажет болған кезде конкурстық өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті заңды тұлғалар мен мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратады;

7) жеңімпазды анықтайды.

28. Комиссия әлеуетті әріптестердің жалпы және арнайы талаптарға сәйкестігі тұрғысынан конкурстық өтінімдерді конкурстық өтінімдер ашылған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде қарайды.

29. Әлеуетті серіктес конкурсты ұйымдастырушы белгілеген күні, уақытта және орында ұсынылатын электрондық жол ақысын төлеу және көлікті диспетчерлендіру жүйесінің мүмкіндіктерін көрсетуге міндетті.

30. Осы конкурстық құжаттаманың 24-тармағында көрсетілген мерзім ішінде Комиссия рұқсат беру хаттамасына қол қою арқылы әлеуетті серіктестерді конкурсқа жіберу туралы шешім қабылдайды.

31. Рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушы рұқсат беру хаттамасын интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етеді.

7. Конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру. Серіктесті анықтау

32. Конкурсқа жіберілген серіктестердің конкурстық өтінімдерін бағалауды, салыстыруды және іріктеуді Комиссия осы конкурстық құжаттамада белгіленген критерийлерді ескере отырып, рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

33. Әлеуетті серіктестердің ұсынылған жол ақысын төлеу және көлікті диспетчерлендіру электрондық жүйесінің техникалық мүмкіндіктерін көрсетуді жүргізу және конкурстық өтінімді қарау қорытындылары бойынша Комиссия конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қою арқылы осы конкурстық құжаттаманың 28-тармағында көзделген мерзім ішінде серіктесті айқындау туралы шешім қабылдайды.

34. Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушы конкурс қорытындылары туралы хаттаманы интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етеді

35. Конкурсты ұйымдастырушы серіктеспен бірлескен қызмет туралы шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

36. Егер серіктес Комиссияның және конкурсты ұйымдастырушының ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес бірлескен қызмет туралы шарттың талаптарын нақтылаудан бас тартса не оның ұсыныстары серіктесті айқындау

жөніндегі конкурс талаптары тұрғысынан қолайсыз болып табылса, онда Комиссия жіберілген әлеуетті серіктестер қатарынан серіктесті айқындайды.

Жіберілген әлеуетті серіктестер болмаған жағдайда конкурс өткізілмеген деп танылады.

8. Конкурсты өтпеген деп тану

37.Конкурс мына жағдайларда:

- 1) егер белгіленген мерзімде бірде-бір конкурстық өтінім түспесе;
- 2) егер барлық ұсынылған конкурстық өтінімдер не жалғыз конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмесе;
- 3) осы конкурстық құжаттаманың 36-тармағында белгіленген жағдайда өтпеген деп танылады.

9. Әлеуетті серіктестерге қойылатын талаптар

38. Осы конкурсқа қатысу үшін әлеуетті серіктес немесе консорциум құрамындағы консорциумға қатысушылардың бірі жалпы және арнайы талаптарға сәйкес келуі тиіс және олардың осы талаптарға сәйкестігін растайтын тізбе бойынша құжаттарды ұсынуы тиіс.

39. Әлеуетті серіктеске қойылатын жалпы талаптар:

а. құқық қабілеттілігіне ие болу (құрылтай құжаттарының нотариалдық куәландырылған көшірмелерін ұсыну – жарғы, заңды тұлғаны құру және бірінші басшыны тағайындау туралы жалғыз акционердік (қатысушының) немесе акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының хаттамасы, бірінші басшыға бұйрық, тіркелген заңды тұлға туралы анықтама, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік (бар болса), егер конкурстық өтінімге әлеуетті серіктестің өкілі қол қойса, сенімхат);

б. төлемге қабілетті болу:

- «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған алдыңғы екі толық қаржы жылындағы қаржылық есептіліктің түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері. Әлеуетті серіктес қызметті екі жылдан кем жүзеге асырған жағдайда, қаржылық есептілік мемлекеттік тіркелген кезден басталатын кезеңге ұсынылады;

- Екінші деңгейдегі банктердегі бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдында анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам уақытқа созылатын әлеуетті серіктес міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы серіктеске қызмет көрсетілетін банк немесе банк филиалының қолы мен мөрі бар анықтамасының түпнұсқасы. Егер әлеуетті серіктес бірнеше екінші деңгейдегі банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің

әрқайсысынан ұсынылады. Банк анықтамасы конкурстық өтінімді қабылдау күнінің алдындағы екі айдан ерте берілмейді;

- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар да соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есеп ұсынады, егер аудитті міндетті түрде ұсыну белгіленбеген жағдайда, әлеуетті серіктес әлеуетті серіктестің бірінші басшысы немесе уәкілетті өкілі қол қойған және әлеуетті серіктестің мөрімен расталған, әлеуетті серіктес үшін міндетті аудит жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленбегені туралы хат ұсынады;

с. салық берешегінің болмауы (күні конкурстық өтінімді қабылдау күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін салық берешегінің жоқтығы туралы анықтама);

d. банкроттық не тарату рәсіміне жатпау, оның мүлкіне тыйым салынбауы, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылмауы тиіс (әлеуетті серіктестің кепілдік хаты);

e. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізілімінде болмауы тиіс (Комиссия тексереді);

f. әлеуетті серіктестің құрылтайшылары, бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілмеуге тиіс (Комиссия тексереді);

g. Жобаны іске асыру үшін меншікті немесе қарызға алынған ақшалай қаражаттың болуы (банктен үзінді көшірменің түпнұсқасы және/немесе кредиттік шарттың / инвестормен жасалған шарттың нотариалдық куәландырылған көшірмелері / инвестордан кепілдік хат);

h. консорциум конкурсқа қатысқан жағдайда консорциум өкілі жалпы және арнайы талаптарын растау үшін осы конкурстық құжаттамада белгіленген құжаттардан басқа қосымша мынадай құжаттарды ұсынады:

- бірлескен қызмет туралы шарттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

- консорциум атынан оның өкіліне конкурс шеңберінде келіссөздер мен басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға сенімхаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі.

Консорциум құрамында осы конкурсқа қатысатын әлеуетті серіктес өзге консорциум құрамында немесе өз бетінше конкурстық өтінімді қайта беруге құқылы емес.

i. Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті серіктес оның жалпы және арнайы талаптарға сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті серіктестің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын, конкурстық құжаттаманың тілдеріне нотариалдық куәландырылған аудармасы бар құжаттарды ұсынады.

j. жол ақысын электрондық төлеу және қоғамдық көлікті диспетчерлендіру қызметтерін көрсету тәжірибесі кемінде 3 жыл (орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актілерінің көшірмелері, жол ақысын төлеу

және көлікті диспетчерлендіру электрондық жүйесі қызметтерін көрсету туралы тапсырыс берушілерден растау хаттары);

к. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы құқықтарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген авторлық құқықпен қорғалатын жол ақысын төлеудің және көлікті диспетчерлендірудің электрондық жүйесіне қатысты бағдарламалық қамтамасыз етуге зияткерлік меншік объектісінің болуы (авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәліктің және соған сәйкес әлеуетті серіктеске зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықтар берілген авторлық және (немесе) өзге де шарттың көшірмелері);

1. бірлескен қызмет туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстарының болуы:

- кемінде 2 бағдарламалық қамтамасыз ету сәулетшісі;
- жобалардың дизайны жөніндегі кемінде 1 маман;
- бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу бойынша кемінде 7 маман;
- жобаны басқару бойынша кемінде 4 маман;
- жүйелік әкімшілендіру бойынша кемінде 3 маман;
- бағдарламалық қамтамасыз ету сапасын қамтамасыз ету бойынша кемінде 3 маман;
- клиенттерді қолдау қызметі бойынша кемінде 2 маман;
- жабдықтың авариялық-қалпына келтіру жұмыстары бойынша кемінде 5 маман;
- Деректерді өңдеу орталығында жұмыстарды жүргізу үшін сертификатталған кемінде 2 маман.

Әлеуетті серіктес көрсетілген талаптарды растау үшін конкурс жарияланған күнге дейін бір айдан кешіктірмей дипломдардың/сертификаттардың, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың, еңбек шарттарының, лауазымдық нұсқаулықтардың, EGOV зейнетақы аударымдарының көшірмелерін ұсынады.

м. әлеуетті серіктес жобаның қаржы-экономикалық моделін 7 жыл мерзімге ұсынуға міндетті (қосымша электрондық түрде ұсыну);

п. әлеуетті серіктес барлық процестердің жалпы сипаттамасымен жобаның техникалық шешімінің сипаттамасын, жабдықтың түрі мен базалық сипаттамасын беруге міндетті;

о. Қазақстан Республикасының қалаларында жиынтығында күнтізбелік 1 (бір) күн үшін кемінде 700 мың билет (транзакция) қабылданғаны туралы әлеуетті серіктес жүйесінен күнтізбелік 1 (бір) ай үшін түсірудің болуы;

р. көлік картасында электрондық ақша арқылы қолма-қол ақшасыз көліктік емес төлемдерді қабылдау және есепке алу мүмкіндігін растаудың болуы (1 (бір) ай ішінде көліктік емес қызметтерді ұсынушылармен орындалған жұмыс актілері);

қ. әлеуетті серіктес жүйесінен кемінде 4 түрлі тәсілмен төлем қабылдау туралы күнтізбелік 1 (бір) ай үшін түсірудің болуы (көлік картасы, қғ төлем, банктік карта және қолма-қол төлем).

40. Арнайы талаптар:

1) көлік картасында жергілікті атқарушы орган бекіткен қоғамдық көлікте жол жүргені үшін ақы төленетін белгіленген жеңілдікті немесе стандартты тариф туралы ақпаратты қамтуға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етудің және аппараттық кешеннің болуы (Қазақстан Республикасының қаласында/қалаларында енгізілген жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінің тиісті тарифтері бойынша жүзеге асырылған сапарлар туралы есептер, Қазақстан Республикасының қаласында/қалаларында енгізілген жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінде азаматтардың жекелеген санаттарына қоғамдық көлікте тасымалдау жөніндегі тарифті бекіту туралы мәслихат шешімі);

2) деректерді сақтау және өңдеу үшін деректерді өңдеу орталықтарында серверлік жабдықтың болуы (деректерді өңдеу орталығымен шарттың немесе деректерді өңдеудің жеке орталығы сертификатының көшірмесі);

3) көлік карталарының деректерін онлайн режимде оқу арқылы жол ақысын қабылдау жүйесінің мүмкіндігі (1-2 секунд ішінде оқу) (Комиссия үшін көрсету):

- «Көлік әмиянының» теңгерімінен есептен шығару арқылы жол ақысын төлеу;

- «Айлық жол жүру» тарифі бойынша жол ақысын төлеу;

- «Тәуліктік жол жүру» тарифі бойынша жол ақысын төлеу;

- «15 сапар + 15 ауысып отыру» сапарлар саны шектеулі тарифтер бойынша жол ақысын төлеу;

- «30 сапар + 30 ауысып отыру» сапарлар саны шектеулі тарифтер бойынша жол ақысын төлеу;

- аймақтық (қала маңындағы) тарифтер бойынша жол ақысын төлеу;

- жеңілдікті және мектеп валидациялары.

4) жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінде банктік карталарды контактісіз оқу арқылы, оның ішінде қосымша қосымшаларды (Apple pay, Samsung pay және т.б.) пайдалану арқылы жол ақысын қабылдау мүмкіндігінің болуы (Комиссия үшін көрсету);

5) жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінде әлеуетті серіктес әзірлеген мобильді қосымша арқылы, QR-код арқылы жол ақысын төлеу мүмкіндігінің болуы (Комиссия үшін көрсету);

6) әлеуетті серіктес ұсынатын жол ақысын төлеудің электрондық жүйесі енгізілген қалада/қалаларда пайдаланылатын көлік карталарын жедел толтыру мүмкіндігінің болуы (Комиссия үшін көрсету);

7) әлеуетті серіктес ұсынатын жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінен жолаушылардың жол ақысын және таңдалған бағдарлардағы

көліктің ағымдағы орналасқан жерін қадағалау бойынша деректер витриналарының (dashboard) болуы (Комиссия үшін көрсету);

8) көлік құралындағы төлемдерді қадағалау бойынша жүргізуші консолінің (жүргізушінің көмекшісі) және ағымдағы рейстің аялдамаларға келуінің жоспарлы уақыты туралы ақпараттың болуы (Комиссия үшін демонстрация);

9) әлеуетті серіктес ұсынатын жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінің онлайн режимде деректер алу және есептілік қалыптастыру мүмкіндігінің болуы (Комиссия үшін көрсету);

10) берілген уақыт кезеңі үшін excel/CSV форматында деректерді экспорттау (түсіру) функциясы бар операциялар (валидациялар/банк карталарымен төлеу/QR төлемдері) бойынша деректерді алу мүмкіндігінің болуы (Комиссия үшін көрсету):

- күні мен уақыты;
- келісімшарттар (көлік әмияні, айлық жол жүру, аймақтар, тәуліктік жол жүру, ауысып отырулары бар сапарлар, жеңілдікті және т.б.);
- көлік құралдары;
- тарифтер (жол жүру құны);
- төлем құралдары (көлік картасы, банк картасы, QR, қолма-қол төлем (билетті басып шығару мүмкіндігі);
- автопарктер;
- бағдарлар;
- операциялар түрлері (валидация, тариф төленді, жол жүру үшін алынды, ауысып отыру).

11) қолданыстағы порталдармен интеграциялау (жеңілдікті, мектеп, және басқалар) не осындай порталдарды өз бетінше әзірлеу мүмкіндігінің болуы (Комиссия үшін көрсету);

12) ОДҚ операторының диспетчерлендіру жүйесі. Әлеуетті серіктестің диспетчерлендіру жүйесі мынадай функцияларды қамтуы тиіс (Комиссия үшін көрсету):

- бағдар қозғалысының бір немесе бірнеше кестесін жүргізу;
- бағдар қозғалысының кестесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мүмкіндігі, бұл ретте қозғалыс кестесінде көліктің аялдамаларға келуінің жоспарлы уақыты қамтылуға тиіс;
- көліктің тағайындалуы және тағайындалған көлікті бағдарға ауыстыру;
- бағдарға тағайындалған көліктің тізімдерін алдын ала дайындау және көлікті бағдарға тағайындау үшін оны кейіннен орындау.
- 4G деректер беру жылдамдығы (Комиссия үшін көрсету);
- жүргізушімен байланыс (Комиссия үшін көрсету);
- жүргізушінің диспетчерлендіру құрылғыларын ажырату/сөндіру мүмкіндігіне қол жеткізуін болдырмау (Комиссия үшін көрсету);
- аялдама пункттерінен өту есебі (Комиссия үшін көрсету);

- автобустарды 24/7 мониторингілеу мүмкіндігі (Комиссия үшін көрсету);

- жаңа есептерді қосу мүмкіндігі (Комиссия үшін көрсету);

37. Әлеуетті серіктес жобаны іске асыру үшін ұсынылатын жабдыққа техникалық құжаттаманы (паспорт, ерекшелік және ұсынылатын жабдыққа өзге де техникалық құжаттар) ұсынуға міндетті.

38. Әлеуетті серіктес банк карталарымен төлемнің сертификатталған контактісіз қабылданғанын растайтын Visa және MasterCard халықаралық төлем жүйелерінен ұсынылған жабдыққа және (немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуге құжаттарды ұсынуға міндетті (жабдықтың немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің сертификатталуын растайтын құжаттар).

39. Әлеуетті серіктес олардың жалпы және арнайы талаптарға сәйкестігін растайтын қосымша құжаттарды өз қалауы бойынша ұсына алады.

40. Әлеуетті серіктес осы конкурстық құжаттамада көзделгеннен неғұрлым жақсы техникалық шешімдерді ұсынуға қабілетті.

41. Әлеуетті серіктес ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

10. Бірлескен қызмет туралы шарт

42. Бірлескен қызмет туралы шарт конкурстың қорытындылары шығарылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жасалады.

43. Серіктестік бірлескен қызмет туралы шарт жобасында серіктесті таңдау үшін негіз болған талаптар өзгермеген жағдайда өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізе алады.

**«Астана қаласының жол ақысын төлеу және қоғамдық көлікті
диспетчерлендіру электрондық жүйесін жаңғырту» жобасын іске асыру
үшін бірлескен қызмет бойынша «City Transportation Systems» ЖШС
серіктесін анықтау жөніндегі конкурсқа қатысуға
ӨТІНІМ**

1. «Астана қаласының жол ақысын төлеу және қоғамдық көлікті диспетчерлендіру электрондық жүйесін жаңғырту» жобасын іске асыру үшін бірлескен қызмет бойынша «City Transportation Systems» ЖШС серіктесін анықтау жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарландыруды қарап және конкурстық құжаттамамен және әлеуетті серіктеске қойылатын талаптармен танысып,

заңды тұлғаның атауы)

жылғы «__» _____ өтетін конкурсқа қатысуға ниет білдіреді.

2. Осы Өтінімнің «City Transportation Systems» ЖШС-мен бірлескен қызмет туралы шарт бойынша «Астана қаласының жол ақысын төлеу және қоғамдық көлікті диспетчерлендіру электрондық жүйесін жаңғырту» жобасын іске асыруға ниет білдіру күші бар.

Заңды тұлғаның атауы және заңды тұлға басшысының немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің атауы (тегі, аты, әкесінің аты).

20 __ жылғы «__» _____.
_____ (қолы, мөрі)

**Конкурсқа қатысуға арналған өтінімге әлеуетті серіктес қоса беретін
сауалнама парағы**

Сауалнама парағы	
Компанияның толық атауы	
Компанияның бірінші басшысы (Т.А.Ә., ЖСН)	
БСН	
Мекенжайы	
Банк деректемелері (ЖСК, БСК)	
Банктің атауы (Кбе)	
Толтыру күні	
Сауалнама парағын толтыруға жауапты байланыс тұлғасы (Т.А.Ә., байланыс нөмірі)	
Штаттық қызметкерлер саны	
Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде өкілдіктердің, филиалдардың тізбесі	

Компанияның көлік саласындағы жұмыс тәжірибесі, жыл	
Жабдықты өндіруші ел	
Заңды мекенжайы	
Жүйенің қысқаша техникалық сипаттамасы және функционалы	
Жүйе іске асырылған қалалардың тізбесі:	
Іске асыру күні:	
Тапсырыс беруші:	
Қоғамдық көліктің барлық бірліктерінде монтаждауды ескере отырып, жабдықтың жалпы құны, теңге	
Жабдықты жеткізу және монтаждау мерзімі	
Жабдық үшін өтемақыны ескере отырып, ақылы валидациялардан Серіктестің сыйақы пайыздары	

р/с №	Сұрақтар тізбесі:	Иә	Жоқ	Конкурсқа қатысушының пікірлері	Көрсету бойынша іс-шаралар
1	Жабдықты сатып алу үшін шығындар өтелгеннен кейін валидациялардан сыйақы пайызын төмендету (Түсініктемелерде жабдықты сатып алу үшін шығындар өтелгеннен кейін валидациялардан сыйақы пайызының сомасын көрсету)				Талап етілмейді
2	Жабдықты жеткізу және монтаждау мерзімі (Түсініктемелерде жабдықты жеткізу мерзімін көрсету)				Талап етілмейді
3	Сервистік қызмет пен жабдықты жөндеу орталығының болуы				Құжаттаманың, қызметкерлердің штат бірлігінің немесе сервистік компаниямен шарттың болуы
4	Қолданыстағы көлік карталарынан теңгерімді қолданыстағы жүйені өшірмей ұсынылған жүйеге бірқалыпты көшіру				Ескертпеде көшіру тетігіне сипаттама беру
5	Жеңілдікті және мектеп көлік карталарын шығару жабдығының болуы				Талап етілмейді
6	Берілген уақыт кезеңі үшін Excel/CSV форматында деректерді экспорттау (түсіру) функциясы бар операциялардың саны (валидация/банк карталарымен төлеу/QR төлемі) бойынша жиынтық есептерді келесі бөліністерде қалыптастыру: - автопарктер - келісімшарттар - операция түрлері				Жүйеде көрсету
7	Жабдықтың өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету үшін сервистік мобильді байланыс қызметтеріне ақы төлеу жол				Талап етілмейді

	ақысын алу кезінде серіктестің сыйақысына енгізілген бе				
8	Автобус түріне байланысты Transcard көлік карталарымен төлем нүктелерінің саны төмендегідей болуы тиіс: - 2 есікті автобус үшін көлік карталарымен төлемді қабылдаудың кемінде 3 нүктесі; - 3 есікті автобус үшін көлік карталарымен төлемді қабылдаудың кемінде 5 нүктесі; - 4 есікті автобус үшін көлік карталарымен төлемді қабылдаудың кемінде 7 нүктесі (егер жоқ болса, келесі орналасулар бойынша көлік карталарымен төлем қабылдау нүктелерінің санын көрсету)				Төлем нүктесі үлгісін көрсету
9	ЖТЭЖ-мен диспетчерлендіру БҚ интеграциялау мүмкіндігі (бір БҚ) ЖТЭЖ және диспетчерлендіру бір жүйеде қамтылады				Талап етілмейді
10	Көлік құралында төлемді қадағалау бойынша жүргізуші консолінің (жүргізушінің көмекшісі) болуы				Үлгіні көрсету және қол жетімді мүмкіндіктердің сипаттамасы
11	Автобустарда жол ақысын төлеу процесін іске асыру үшін валидаторларда көлік картасындағы теңгерімді және жүктелген тарифтерді тексеру функциясының болуы				Жүйе енгізілген басқа қаланың мысалында осындай функцияны көрсету
12	Жолаушының тұлғасын және жеке басын куәландыратын құжатты толық тіркеу негізінде жеке басын қашықтан сәйкестендіру мүмкіндігі				Жүйе енгізілген басқа қаланың мысалында осындай функцияны көрсету
13	Диспетчерлендіру БҚ жабдық деректерін қашықтан басқарудың, жаңартудың және жинаудың болуы				Жүйеде көрсету
14	Жабдықтың 2G, 3G, 4G байланыс арналарымен жұмыс істеуі (тек 3G болуына жол берілмейді).				Жабдық үлгісінде көрсету
15	Орталықпен байланыс жоғалған жағдайда деректерді оффлайн, автономды режимде жазуды кемінде 3 күн жүзеге асыру				Жүйеде көрсету
16	Автобустарды нақты уақыт режимінде көрсету				Жүйеде көрсету
17	Бағдарлық автобустарды түс индикаторлары бойынша көрсету (озу, уақытында, кеш, сигнал жоқ)				Жүйеде көрсету
18	Бағыттау кезінде автобус туралы ақпаратты шығару (автобус коды, бағдар нөмірі, рейс нөмірі, жүргізушінің Т.А.Ә., жүргізушінің телефоны, автобус жылдамдығы, соңғы аялдама)				Жүйеде көрсету
19	Автобустарды топтар бойынша көрсету (гараж нөмірі бойынша, парктер бойынша, модельдер бойынша,				Жүйеде көрсету

	индикациялар бойынша және т.б.)				
20	Картографиялық түрде бағдар нөмірі мен атауын көрсету				Жүйеде көрсету
21	Аялдама пункттерінің атауын картада көрсету				Жүйеде көрсету
22	Бағдар желісін картада бағыттар бойынша (тікелей/кері жеке және бірге) көрсету				Жүйеде көрсету
23	Аялдама пунктіне автобустардың жоспарлы және нақты келуі туралы ақпаратты шығару				Жүйеде көрсету
24	Бағдарлар базасын, аялдамаларды, қозғалыс кестелерін құру, өзгерту және күнтізбелік күндерге қозғалыс кестелерін тағайындау				Жүйеде көрсету
25	Бағдар бойынша автобустардың қозғалыс кестесін автоматты түрде жасау				Жүйеде көрсету
26	Бағдарға байланған аялдамада тоқтамауды анықтау логикасымен аялдама пункттерінен өту бойынша есептің болуы				Жүйеде көрсету
27	Аралық аялдамаларда автобустардың белгілі бір параметрлерден артық минут тұруы бойынша есептің болуы				Жүйеде көрсету
28	XLSX форматы бойынша разнарядканы жүктеу функциясын жүзеге асыру				Жүйеде көрсету
29	Диспетчерлендіру БҚ-да бағдарламаға автобустар нарядын жүзеге асыру				Жүйеде көрсету
30	Автобустар нарядын кез келген уақытта (желіден шығу, ауыстырулар кезінде) жүзеге асыру				Жүйеде көрсету
31	Автобус наряды деректерінің қайталану форматын тексеру				Жүйеде көрсету
32	Аялдама пункттерінің тізбесін құру және өзгерту және аялдамаларды бағдарларға байланыстыру				Жүйеде көрсету
33	Аялдама атауларын жасау және өзгерту, картада көрсету арқылы координаттарға байланыстыру				Жүйеде көрсету
34	Бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеу бойынша толық нұсқаулық				Нұсқаулықты көрсету
35	Жүйенің қызмет көрсету ұйымына өтінім беру функциясы (жүйенің қателерін жөндеу және түзету үшін)				Жүйеде көрсету
36	Конструктор арқылы есептер жасау (Серіктестікте қолжетімділіктің болуы)				Жүйеде көрсету
37	Бағдар бойынша автобустардың желіде болуы бойынша есептің болуы (жоспар, факт)				Жүйеде көрсету
38	Жабдықтардың жұмысын мониторингілеу				Жүйеде көрсету
39	ЖТЭЖ жабдықтарын жөндеу, түсіру мүмкіндігімен диспетчерлендіру бойынша өтінімдерді пысықтауға арналған платформаның болуы				Жүйеде көрсету

40	Жаңа есептер жасау				Жүйеде көрсету
41	Көліктік бақылау тексеруі үшін терминалда жылжымалы зарядтау құрылғысын (Power bank) қосу				Жабдық үлгісін көрсету
42	Көліктік бақылау тексеруі үшін терминалда жол жүруді (төлемдердің барлық түрлерін) инспекциялық бақылауды жүзеге асыру кезінде ЖТЭЖ борттық жабдығын бұғаттау функциясы				Жабдық үлгісінде көрсету
43	Көліктік бақылау тексеруі үшін терминал жұмысының температуралық режимі, Цельсий бойынша -10..40 градус				Жабдықтың техникалық ерекшелігін ұсыну

Конкурстық құжаттама жүйесін бағалау есебі
(конкурсқа қатысушылардың сауалнама парағының негізінде толтырылады)

Көрсеткіштер санаты	Критерий сипаттамасы	Балдардың мәні	Қорытынды бағалауда критерийдің массалық үлесі		
				Балл	Қорытынды бағалау
	Ақылы валидациялардан жабдық үшін өтемақыны ескере отырып Серіктестің сыйақы пайыздары		15%		
	Ең тиімді ұсыныс (ең аз пайыз)	100%			
	Тиімділігі жағынан екінші ұсыныс	50%			
	Маңыздылығы жағынан үшінші және кейінгі ұсыныс	0%			
	Жабдық үшін өтемақыларды төлеу кезеңі аяқталғаннан кейін валидациялардан сыйақылар пайызын төмендету		4%		
	Көзделеді	100%			
	Ішінара көзделеді	50%			
	Жоқ	0%			
	Жабдықты жеткізу және монтаждау мерзімі		2,5%		
	Жасалған күннен бастап 3 айға дейін	100%			
	Жасалған күннен бастап 6 айға дейін	50%			
	12 айдан артық	0%			
	Сервистік бригада мен жабдық жөндеу орталығының болуы		2%		
	Қазіргі уақытта бар	100%			
	Жоқ	0%			
	Қолданыстағы көлік карталарынан теңгерімді ұсынылған жүйеге бірқалыпты көшіру		1,5%		
	Осы мүмкіндік іске асырылған	100%			
	Жоқ, осы бағытта жұмыстар жүргізілмейді	0%			

Автобус түріне байланысты Transcard көлік карталарымен төлем нүктелерінің саны төмендегідей болуы тиіс: - 2 есікті автобус үшін көлік карталарымен төлемді қабылдаудың кемінде 3 нүктесі; - 3 есікті автобус үшін көлік карталарымен төлемді қабылдаудың кемінде 5 нүктесі; - 4 есікті автобус үшін көлік карталарымен төлемді қабылдаудың кемінде 7 нүктесі		5%		
Бұл тәсіл іске асырылады	100%			
Бұл тәсіл ішінара іске асырылады	50%			
Жеңілдікті және мектеп көлік карталарын шығару		1,50%		
Бұл мүмкіндік іске асырылған	100%			
Техникалық мүмкіндік жоқ	0%			
Берілген уақыт кезеңі үшін Excel/CSV форматында деректерді экспорттау (түсіру) функциясы бар операциялардың саны (валидация/банк карталарымен төлеу/QR төлемі) бойынша жиынтық есептерді келесі бөліністерде қалыптастыру мүмкіндігі: - автопарктер - келісімшарттар - операция түрлері		2%		
Бұл мүмкіндік іске асырылған	100%			
Техникалық мүмкіндік жоқ	0%			
Мобильді байланыс қызметтеріне ақы төлеу сыйақыға қосылған ба		2%		
Қосылған	100%			
Қосылмаған	0%			
Диспетчерлендіру бағдарламалық қамтамасыз ету өнімін ЖТЭЖ-мен интеграциялау мүмкіндігі (бір Бағдарламалық қамтамасыз ету)		2%		
Иә	100%			
Жоқ	0%			

Қадағалау бойынша жүргізуші консолінің (жүргізушінің көмекшісі) болуы	6%		
Иә	100%		
Жоқ	0%		
Жабдықтарда көлік картасындағы теңгерімді және жүктелген тарифтерді тексеру функциясының болуы (жүргізуші консолі, валидаторлар, көліктік бақылау тексеру терминалдары)	2%		
Бұл мүмкіндік іске асырылған	100%		
Техникалық мүмкіндік жоқ	0%		
Жолаушының тұлғасын және жеке басын куәландыратын құжатты толық тіркеу негізінде жеке басын қашықтан сәйкестендіру	4%		
Иә	100%		
Жоқ	0%		
Диспетчерлендіру бағдарламалық қамтамасыз етуді қашықтан басқарудың, жаңартудың және жабдық деректерін жинаудың болуы.	1,28%		
Толық функционалымен бар	100%		
Мүмкіндік жоқ	0%		
Жабдықтың 3G, 4G, 5G байланыс арналарымен жұмыс істеуі (тек 3G болуына жол берілмейді).	1,16%		
Толық функционалымен бар	100%		
Мүмкіндік жоқ	0%		
Деректерді Диспетчерлендіру бағдарламалық қамтамасыз ету өніміне беру мерзімділігімен автобустарды нақты уақыт режимінде көрсету	0,75%		
Толық функционалымен бар	100%		
Мүмкіндік жоқ	0%		
Бағдарлық автобустарды түс индикаторлары бойынша көрсету (озу, уақытында, кеш, сигнал жоқ)	1,69%		
Толық функционалымен бар	100%		
Мүмкіндік жоқ	0%		
Бағыттау кезінде автобус туралы ақпаратты шығару (автобус коды, бағдар нөмірі, рейс нөмірі, жүргізушінің Т.А.Ә., жүргізушінің телефоны, автобус жылдамдығы, соңғы аялдама)	1,69%		
Толық функционалымен бар	100%		
Жоқ	0%		
Автобустарды топтар бойынша көрсету (гараж нөмірі бойынша, парктер бойынша, модельдер бойынша, индикациялар бойынша және т.б.)	1,69%		

	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Картографиялық түрде бағдар нөмірі мен атауын көрсету		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Аялдама пункттерінің атауын картада көрсету		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Бағдар желісін картада бағыттар бойынша (тікелей/кері жеке және бірге) көрсету		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Аялдама пунктіне автобустардың жоспарлы және нақты келуі туралы ақпаратты шығару, аялдама пунктінің белгішесіне басу кезінде		2,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Күнтізбелік күндерге бағдарлар базасын, аялдамаларды, қозғалыс кестелерін құру, өзгерту		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Бағдар бойынша автобустардың қозғалыс кестесін автоматты түрде жасау		2,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Бағдарға байланған аялдамада тоқтамауды анықтау логикасымен аялдама пункттерінен өту бойынша есептің болуы.		2,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Аралық аялдамаларда автобустардың белгілі бір параметрлерден артық минут тұруы бойынша есептің болуы.		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	XLSX форматы бойынша разнарядканы жүктеу функциясын жүзеге асыру		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Диспетчерлендіру бағдарламалық қамтамасыз ету өнімінде бағдарламаға автобустар нарядын жүзеге асыру.		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Жүргізушілер және/немесе автобустар нарядын кез келген уақытта (желіден шығу,		1,69%		

	ауыстырулар кезінде) жүзеге асыру				
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Автобус наряды деректерінің қайталану форматын тексеру		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Аялдама пункттерінің тізбесін құру, өзгерту бағдарларға байланыстыру		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Аялдама атауларын жасау, өзгерту, картада көрсету арқылы координаттарға байланыстыру		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеу бойынша толық нұсқаулық		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Жүйенің қызмет көрсету ұйымына өтінім беру функциясы (жүйенің қателерін жөндеу және түзету үшін)		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Конструктор арқылы есептер жасау (Серіктестікте қолжетімділіктің болуы)		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Бағдар бойынша автобустардың желіде болуы бойынша есептің болуы (жоспар, факт)		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Барлық жабдықтардың жұмысын мониторингілеу		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	ЖТЭЖ жабдықтарын жөндеу, түсіру мүмкіндігімен диспетчерлендіру бойынша өтінімдерді пысықтауға арналған платформаның болуы		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Жаңа есептер жасау		1,69%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Көліктік бақылау тексеруі үшін терминалда жылжымалы зарядтау құрылғысын (Power		1,25%		

	bank) қосу				
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Көліктік бақылау тексеруі үшін терминалда жол жүруді (төлемдердің барлық түрлерін) инспекциялық бақылауды жүзеге асыру кезінде ЖТЭЖ борттық жабдығын бұғаттау функциясы		1,25%		
	Толық функционалымен бар	100%			
	Мүмкіндік жоқ	0%			
	Көліктік бақылау тексеруі үшін терминал жұмысының температуралық режимі, - Цельсий бойынша 10..40 градус		1,25%		
	Толық функционалымен бар	100			
	Мүмкіндік жоқ	0			
		Жүйенің жиынтық бағасы:			

**Бірлескен шаруашылық қызмет туралы № _____ шарт
(консорциумдық келісім)**

Астана қ.

202__ жылғы «____» _____

Бұдан әрі «**1-тарап**» деп аталатын «**City Transportation Systems**» ЖШС атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Ғ.Ж. Тәжиев, бір тараптан және бұдан әрі «**2-тарап**» деп аталатын «_____» ЖШС атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор _____, өзге тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп, ал жеке «Тарап» деп немесе жоғарыда көрсетілгендей аталып, төмендегі туралы бірлескен шаруашылық қызмет туралы осы шартты (консорциумдық келісім) (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. ШАРТ МӘНІ

1.1. Осы Шарт бойынша Тараптар тиісті құқықтық негіздерде Тараптарға тиесілі салымдарды біріктіру жолымен осы Шартта көзделген талаптармен жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобильмен тасымалдау саласындағы жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінің (бұдан әрі – ЖТЭЖ) және көлікті диспетчерлендіру жүйесінің қызметтерін көрсету бойынша кіріс алу мақсатында бірлесіп әрекет етуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шарттың мақсатына қол жеткізу үшін Тараптар осы Шартта айқындалған талаптармен қолда бар мүліктік, мүліктік емес, еңбек және өзге де ресурстармен салымдарды біріктіретін уақытша ерікті тең құқықты одақ құрады.

1.3. Тараптар осы Шартта айқындалған талаптармен заңды тұлға құрмай бірлесіп әрекет етеді, осы Шарттың 1.1-тармағында белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін күш-жігерді үйлестіреді. Бұл ретте Тараптар осы Шартта қамтылмаған бөлігінде өзінің шаруашылық дербестігін сақтайды.

1.4. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа қайшы келмейтін мақсатқа қол жеткізу үшін бірлесіп түрлі қызметті жүзеге асыруға құқылы.

**2. ТАРАПТАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТКЕ ҚОСАТЫН
САЛЫМДАРЫ**

2.1. 1-тараптың бірлескен қызметке қосқан салымы:

2.1.1. ЖТЭЖ қызметтерін көрсету және жолаушылар мен багажды қалалық және қала маңындағы автомобильмен тұрақты тасымалдау көлігін

диспетчерлендіру саласындағы кәсіби білім, өндірістік процестер мен еңбек ресурстарын басқару.

2.1.2. Қызметтерді үздіксіз ұсыну және бірлескен қызметті басқаруды ұйымдастыру үшін қажетті көлемдегі еңбек ресурстары.

2.1.3. Инженерлік желілер мен коммуникацияларды, ЖТЭЖ-да пайдаланылатын көлік карталарының барлық түрлерін шығару және есепке алу жөніндегі техникалық платформаны орналастыру үшін осы Шартқа №1 қосымшада көрсетілген жылжымайтын мүлік (тұрғын емес үй-жайлар).

2.2. 2-тараптың бірлескен қызметке қосқан салымы:

2.2.1. Осы Шартқа №1 қосымшада көрсетілген және қалалық және қала маңындағы бағдарларда қызмет көрсету бойынша пайдалану үшін 1-тарапқа пайдалануға берілетін стационарлық және перифериялық жабдық, серверлік жабдық, диспетчерлендіру жүйесінің жабдығы (бұдан әрі – жабдық).

2.2.2. Осы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету (бұдан әрі – бағдарламалық қамтамасыз ету);

2.2.3. Үздіксіз қызмет көрсету, жабдықты күтіп-ұстау және жұмыс істеу үшін қажетті көлемдегі еңбек ресурстары.

2.3. 2-тарап бірлескен қызметке жабдық түрінде беретін салым ортақ үлестік меншік құқығында Тараптарға тиесілі. 1-тараптың үлесі – __%, 2-тараптың үлесі _____% құрайды.

2.4. Тараптар бірлескен қызметке беретін өзге мүліктік салымдарға ортақ үлестік меншік режимі қолданылмайды.

2.5. Тараптардың бірлескен қызметке салымдарын Тараптар осы Шарт жасалған күннен бастап _____ күн ішінде енгізуге тиіс.

2.6. Бағдарламалық қамтамасыз етудің айрықша құқықтарын 2-тарап 1-тарапқа осы Шарттың қолданылу мерзіміне береді. 2-тарап осы Шарт жасалған сәттен бастап _____ жұмыс күні ішінде 1-тараппен Астана қаласының аумағында қолданылатын бағдарламалық қамтамасыз етуге айрықша құқықтарды беру туралы тиісті келісім жасасуға міндеттенеді.

2.7. Бірлескен қызметке енгізілген және ортақ үлестік меншіктегі мүліктік салымға билік ету Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана жүзеге асырылады.

2.8. Тараптардың бірі бірлескен қызмет барысында өз есебінен сатып алған және бірлескен қызметті жүзеге асыру үшін қажетті мүлік, осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осындай Тараптың меншігі болып табылады.

2.9. Бірлескен қызмет тоқтатылған жағдайда Тараптар осы Шарт тоқтатылған күнге дейін ортақ үлестік меншіктегі және бірлескен қызметті жүзеге асыру процесінде Тараптар сатып алған және/немесе құрған мүлікті бөлуді реттеуге міндеттенеді.

Мүлікті бөлу туралы қол жеткізілген келісімдерді Тараптар осы Шартқа қосымша келісім не жекелеген келісімдер түрінде ресімдейді.

2.10. Бірлескен қызметтен шығатын Тарапта салым болып табылатын және бөлек меншіктегі мүлікті иеліктен шығару ниеті болған жағдайда, екінші

Тарап өзге де тең жағдайларда, 1-тарап салым ретінде енгізген жылжымайтын мүліктен басқа, осындай мүлікті басым сатып алу құқығына ие.

2.11. Тараптар бірлескен қызметті жүзеге асыру процесінде Тараптар сатып алған және/немесе құрған мүлікті бағалауды тәуелсіз бағалаушы жүргізеді, оның есебі мүлікті бөлу жөніндегі дауларды реттеу кезінде және/немесе Тараптардың бірінің осындай мүлікті сатып алуға ниеті болған кезде міндетті болып табылады деп келісті. Бағалау компаниясын таңдауды Тараптар бірлесіп жүргізуі тиіс. Тәуелсіз бағалау бойынша шығыстарды 2-тарап көтереді.

2.12. Тараптардың бірінің бірлескен қызметке қосқан кез келген өзге салымы осы Шартқа қосымша келісімдермен ресімделеді.

3. ОРТАҚ ІСТЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

3.1. Тараптар бірлескен қызмет мақсаттарына қол жеткізу, консорциумның мүдделерін Қазақстан Республикасында да, одан тыс жерлерде де әртүрлі мемлекеттік, қаржылық, банктік, коммерциялық және басқа да ұйымдарда білдіру үшін үшінші тұлғалармен, сондай-ақ қызметті пайдаланушылармен мәмілелер жасасу және бірлескен қызмет мүддесі үшін кез келген басқа әрекеттерді, оның ішінде заңды әрекеттерді жүзеге асыру құқығымен бірлескен қызметке басшылық ету және ортақ істер жүргізу 1-тарапқа тапсырылатынын белгіледі.

3.2. Тараптардың бірлескен қызметі бойынша бухгалтерлік, қаржылық, салықтық және шаруашылық есепке алуды жүргізуді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес 1-тарап жүзеге асырады.

3.3. Әрбір есепті кезеңнің соңында 1-тарап алынған табысты айқындау және оны осы Шарттың талаптарына сәйкес қатысушылар арасында бөлу мақсатында бірлескен қызмет нәтижелері туралы есепті (бұдан әрі – Есеп) жасайды, оған тараптар қол қояды. Есепті жасау кезеңділігі – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін. Есеп нысаны осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа №2 қосымшаға сәйкес.

3.4. Консорциум тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алған немесе сатқан кезде шот-фактуралар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 417-бабының негізінде жазылуға тиіс.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. 1-тараптың құқықтары:

4.1.1. Бірлескен қызметті басқару және консорциум атынан осы Шарттың мақсатына жету үшін барлық қажетті заңды әрекеттерді жасау.

4.1.2. Бірлескен қызметке қатысты мәселелер бойынша үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Тараптардың атынан өкілдік ету.

4.1.3. Консорциум атынан жолаушылар мен багажды қалалық және қала маңындағы автомобильмен тұрақты тасымалдау саласында ЖТЭЖ және көлікті диспетчерлендіру қызметтерін көрсету.

4.1.4. Жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобильмен тасымалдау саласында ЖТЭЖ және көлікті диспетчерлендіру қызметтері үшін ақы қабылдау.

4.2. 1-тараптың міндеттері:

4.2.1. Осы Шартта көзделген талаптармен бірлескен қызметке үлес қосу.

4.2.2. Тиісті сападағы қызметтерді үздіксіз көрсетуді қамтамасыз ету.

4.2.3. Халықты тұрақты қалалық және қала маңындағы көлік құралдарында жол жүру ақысын төлеу тәсілдері мен әдістері туралы хабардар ету, жөндеу және өзге де жұмыс түрлерін жүргізу және басқа да ақпарат бойынша барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асыру.

4.2.4. Бірлескен қызмет шеңберінде көрсетілетін қызметтерден алынатын табысты (ақшалай қаражатты) жинақтау мақсатында жеке банктік шот ашу.

4.2.5. Консорциум қызметінен туындайтын өзге де міндеттерді орындау.

4.2.6. Жолаушылар мен багажды қалалық және қала маңындағы автомобильмен тұрақты тасымалдау саласында ЖТЭЖ және көлікті диспетчерлендіру қызметтерін көрсету.

4.3. 2-тараптың құқықтары:

4.3.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес 1-тараптан табыс төлемін уақтылы алу.

4.3.2. Тараптардың осы Шартта белгіленген ортақ мақсаттарды орындауына байланысты өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

4.4. 2-тараптың міндеттері:

4.4.1. Осы Шартта көрсетілген міндеттерді уақтылы және толық көлемде орындау.

4.4.2. Осы Шартта көзделген талаптарда бірлескен қызметке үлес қосу.

4.4.3. №4 қосымшаға сәйкес 2023 жыл ішінде ЖТЭЖ және диспетчерлендіруге қойылатын техникалық және пайдалану талаптарының кезең-кезеңімен орындалуын қамтамасыз ету.

ЖТЭЖ және диспетчерлендіру жүйесін №4 қосымшаға сәйкес техникалық және пайдалану талаптарына сәйкес келтірмеген жағдайда, қолданыстағы жүйелерді ұстауға арналған шығыстарды көтеру.

4.4.4. Осы Шартқа №1 қосымшаға сәйкес ЖТЭЖ және диспетчерлендіру жабдықтарын монтаждауды, тестілік реттеуді, өнеркәсіптік іске қосуды жүргізу және ЖТЭЖ және диспетчерлендіру жабдықтарын осы Шарттың 4.2.2-тармағына сәйкес 1-тараптың міндеттемелерді пайдалануы және орындауы үшін 1-тарапқа күнтізбелік _____ күн ішінде беруін қамтамасыз ету.

4.4.5. ЖТЭЖ және диспетчерлендіруге, жабдыққа (орнату, жөндеу, ауыстыру, баптау, реттеу және т.б.) және техникалық құралдарға толық тұрақты техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру.

4.4.6. ЖТЭЖ және диспетчерлендіру жабдықтарын үздіксіз кепілдендірілген интернет байланысымен қамтамасыз ету.

4.4.7. Осы Шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын №3 және №4 қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте ЖТЭЖ және диспетчерлендіру жабдығының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету.

4.4.8. Жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобильмен тасымалдау кезінде жолаушылардан Transcard көлік карталары, банк карталары және QR-кодтар арқылы жол ақысын қабылдау кезінде ЖТЭЖ жабдықтарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету.

4.4.9. Екінші деңгейдегі банктерге банк комиссияларын төлеу бойынша шығындарды және осы Шарттың 4.4.6-тармағында көрсетілген міндеттемелерді орындау бойынша өзге де ілеспе шығындарды өз бетінше көтеру.

4.4.10. Барлық қажетті қосалқы бөлшектердің, құралдар мен аспаптардың (бұдан әрі – ҚҚА) болуын қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда ҚҚА пайдалана отырып, авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын орындау.

4.4.11. ЖТЭЖ және диспетчерлендіру жабдықтары бойынша қолда бар құжаттаманы ұсыну арқылы 1-тарапқа жәрдемдесу.

4.4.12. 1-тарапты ЖТЭЖ және диспетчерлендірудің кез келген авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілуі туралы болжамды жұмыстардың күніне дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын жазбаша хабардар ету.

4.4.13. Осы Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне немесе банктік кепілдікті жыл сайын ұзартумен банктік кепілдік түрінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді не осы Шарттың 13-тарауында көрсетілген 1-тараптың шотына 100 000 000 (жүз миллион) теңге 00 тиын мөлшерінде ақшалай жарна енгізу.

4.5. Тараптар жолаушылар мен багажды қалалық және қала маңындағы автомобильмен тұрақты тасымалдау саласында ЖТЭЖ және көлікті диспетчерлендіру қызметі және көрсетілетін қызметтердегі өзге де өзгерістер туралы халықты бірлесіп хабардар ету, азаматтардың, ұйымдардың және өзге де органдардың өтініштерін қарау.

5. ҚАРЖЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

5.1. Бірлескен қызмет нәтижесінде алынған кірістер (жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобильмен тасымалдау саласында ЖТЭЖ және көлікті диспетчерлендіру қызметтерін көрсету) Тараптардың ортақ үлестік меншігі болып табылады, үлестердің пайыздық арақатынасы: 1-тарап - __%, 2-тарап - __%.

2-тарап осы Шарт шеңберінде жабдықты сатып алуға арналған шығыстарға тең кіріс алған күннен кейінгі күннен бастап, бірақ Шарт жасалған күннен бастап 3 жылдан кешіктірмей, бірлескен қызмет нәтижесінде алынған кірістер келесі пайыздық арақатынастарда бөлінеді:

1-тарап - __%, 2-тарап - __%.

Табыс үлестерін бөлу осы Шартқа №2 қосымшаға сәйкес бірлескен қызметтен алынған кірістердің есепті деректері бойынша ай сайынғы негізде жүзеге асырылады.

5.2. Бірлескен қызмет нәтижесінде алынған кірістер осы Шарттың 4.2.5-тармағына сәйкес 1-тарап ашқан жеке банктік шотта жинақталады.

5.3. Бірлескен қызмет нәтижесінде алынған табысты Тараптар арасында бөлу осы Шарттың 5.1-тармағына сәйкес ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1-тарап 2-тарапқа есепті айдың соңғы күніне келіп түскен сомалар бойынша мәліметтер береді;

- әр айдың 10-күніне дейін осы Шарттың 5.1-тармағында белгіленген арақатынаста кірістерді бөлу бойынша өзара есеп айырысуларды жүргізеді.

5.4. 1-тарап Тараптар ай сайынғы есепті бекіткеннен кейін 10 (он) банктік күннен кешіктірмей 2-тарапқа ай сайынғы табысты аударуды жүргізеді.

5.5. Тараптар осы Шарт тараптарының әрқайсысы осы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындау жөніндегі шығыстарды дербес көтеретіні туралы уағдаласты.

5.6. Тараптар Тараптардың әрқайсысы өз бетінше және өз қаражаты есебінен өзінің салық міндеттемелерін өтейтінін анықтады.

5.7. Тараптар жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобильмен тасымалдауды тоқтата тұруға және бірлескен қызметте табыстың болмауына, сондай-ақ 1-тарапқа тәуелді емес себептер бойынша, оның ішінде осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасының және/немесе Астана қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына байланысты болған, бірақ олармен шектелмей, жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобильмен тасымалдау жұмысының бұзылуына байланысты, 1-тараптың 2-тарапқа көрсетілген қызметтерден осы Шарттың 5.1-тармағында көрсетілген үлестердің ай сайынғы төлемдерін тоқтата тұруға құқығы бар деп келісті.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Шартқа және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. 2-тарап ЖТЭЖ жабдығын орнату немесе жабдықты дұрыс орнатпау кезінде көлік құралының жойылу, бүліну немесе зақымдану қаупі үшін жауап береді және көлік құралының иесіне келтірілген барлық шығындарды өтеуге, көлік құралының құнын өтеуге немесе бүліну дәрежесіне байланысты жаңа көлік құралын жөндеу немесе сатып алу арқылы зақымдалған көлік құралын қалпына келтіруге міндеттенеді.

6.3. 2-тарап, үшінші тұлғалар ЖТЭЖ және көлікті диспетчерлендіру ақаулығы салдарынан залалдар көрсеткен жағдайда, үшінші тұлғалар алдында дербес жауапты болады.

6.4. 2-тарап осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, 1-тарап 2-тарап табысының ай сайынғы үлесінің __% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын қоюға және/немесе осы Шарттың 4.4.13-тармағына сәйкес 2-тарап енгізген Шарттың орындалуын ақшалай қамтамасыз етуді қайтармауға немесе банктік кепілдікті орындау туралы талап жіберуге құқылы.

6.5. Тараптар екінші Тараптың бірлескен қызметпен байланысты және байланысты емес міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

6.6. Тараптардың осы Шартқа байланысты үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелері ортақ және субсидиарлық болып табылмайды.

6.7. Өзге жағдайларда Тараптардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

7. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ (ФОРС-МАЖОР)

7.1. Тарап міндеттемені ішінара немесе толық орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл Шарт жасалғаннан кейін тарап болжай алмайтын немесе алдын ала алмайтын төтенше сипаттағы мән-жайлар нәтижесінде туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

7.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі, дүлей құбылыстар, эпидемия, соғыс немесе әскери іс-қимылдар, сондай-ақ осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың шешімдері, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан Республикасының және/немесе Астана қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулылары ұғынылады, бірақ олармен шектелмейді.

7.3. Мұндай мән-жайлар туындаған кезде олардың әрекетін бастан кешіретін Тарап осындай мән-жайлар басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде басқа Тарапқа олар туралы жазбаша түрде хабарлауға тиіс.

7.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтеме жасайтын Тарап екінші Тарапқа осы мән-жайлардың болуын куәландыратын және мүмкіндігінше Тараптың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне олардың әсеріне баға беретін ресми құжаттарды ұсынуға тиіс. Жалпыға белгілі сипаттағы еңсерілмейтін күш мән-жайлары дәлелдеуді талап етпейді.

7.5. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған Тарап Шартта регламенттелген осы мән-жайлардың болуын куәландыратын құжаттарды жібермесе, онда мұндай Тарап оны Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін

жауапкершіліктен босататын негіз ретінде мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырылады.

7.6. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайларда Тараптың Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осы мән-жайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады. Егер еңсерілмейтін күштің туындаған мән-жайлары мен олардың салдары 3 (үш) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар Шартты орындаудың қолайлы баламалы тәсілдерін айқындау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді немесе Тараптардың міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезден бастап (ақшалай міндеттемелерді қоспағанда) орындау мүмкін еместігімен тоқтатылады.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

8.1. Дауды сотқа дейінгі реттеу келіссөздер және талап қою арқылы жүзеге асырылады және міндетті болып табылады.

8.2. Тараптар дауды сотқа дейінгі реттеудің мынадай міндетті тәртібін айқындайды:

8.2.1. Шағым жазбаша нысанда ұсынылады және оған тиісті түрде уәкілетті тұлға қол қояды.

8.2.2. Шағымда: талаптар, шағым сомасы және оның негізделген есебі (егер талап ақшалай бағалауға жататын болса); талаптар негізделетін мән-жайлар және оларды растайтын дәлелдемелер; шағымға қоса берілетін құжаттар мен өзге де дәлелдемелердің тізбесі; дауды реттеу үшін қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі.

8.2.3. Шағым алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады және шағымды жіберген Тарап қарау нәтижелері туралы жазбаша нысанда хабардар етіледі. Шағымға жауап ретінде шағымды алған Тарап міндетті түрде шешім қабылдау себептерін және дауды реттеу тәртібі туралы ұсынысты көрсетеді.

8.2.4. Егер шағымға оны қарау үшін қажетті құжаттар қоса берілмесе, олар шағымды жіберген Тараптан ұсыну мерзімі (кемінде 5 жұмыс күні) көрсетіле отырып, шағымды алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде сұратылады. Талап етілген құжаттарды көрсетілген мерзімге алмаған кезде шағым қолда бар құжаттар негізінде қаралады.

8.3. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралады.

9. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

9.1. Осы Шарттың ережелері, қосымша келісімдер және оған қосымшалар, оның орындалуымен байланысты құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады. Тараптар оларға Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей қатысатын адамдарды ғана жіберуді қамтамасыз етеді. Өзге

тұлғаларды жіберу Шартта Тараптар келіскен талаптармен жүзеге асырылады.

9.2. Тараптар:

- оны алған Тарап Шарттың негізінде оны алғанға дейін алған;
- оны алған Тараптың кінәсінен жалпыға белгілі, мұндай ұсынумен ұсынған Тарап алдындағы құпиялылық міндеттемелерін бұзбаған үшінші тарап ұсынған;
- мұндай ақпаратқа қол жеткізе алмайтын оны алған Тараптың қызметкерлерімен дербес әзірленген ақпаратты қоспағанда, басқа Тараптан Шартқа сәйкес немесе оған қатысты алынған кез келген ақпаратты берген Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тараптарға жария етпеуге және Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаудан басқа мақсаттармен пайдаланбауға міндеттенеді.

9.3. Жоғарыда көрсетілгенге қарамастан, егер мұндай жария ету заңнама талаптарына сәйкес немесе Шартқа байланысты қандай да бір мәселені қарауға қатысатын сот және өзге де мемлекеттік құзыретті органдарға осындай мәліметтерді беру үшін қажет болса, алушы Тараптың ақпаратты жария етуге құқығы бар. Бұл ретте ақпарат алған Тарап бұл туралы ұсынылған Тарапты дереу хабардар ету үшін барынша күш салады және ақпаратты жария етуге байланысты оны қорғау мақсатында ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды. Бұл ретте мұндай жария ету тек уәкілетті тұлғаның сұрау салуы бойынша және осындай сұрау салу шеңберінде ғана жүргізілетін болады. Ұсынушы Тарап осымен алушыға Тарапқа Шарт жасасу және орындалуы туралы, сондай-ақ оның мазмұны туралы ақпаратты Шарт бойынша Тараптардың уәкілетті өкілдеріне ашу құқығын береді.

9.4. Тараптар Шартты тиісінше орындау үшін ақылға қонымды негізде мұндай қолжетімділік қажет болатын адамдарды қоспағанда, қызметкерлердің ақпаратына қолжетімділікті шектеуге міндеттенеді.

9.5. Осы құпиялылық туралы ережелер Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде және Шарт тоқтатылған (бұзылған) күннен бастап 10 (он) жыл ішінде қолданылады.

9.6. Егер Шарт тараптарының арасында Шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрекет ететін құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісім (бұдан әрі – «Келісім») жасалса, онда ықтимал қайшылықтар бөлігінде мұндай Келісімнің ережелері Шарт ережелерінен басым болады.

10. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

10.1. Осы Шарт екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2030 жылғы _____ дейін қолданылады.

10.2. Бірлескен қызметті бастау мерзімі Тараптар осы Шартта көзделген барлық мүліктік салымдарды енгізген және 2-тарап бағдарламалық қамтамасыз етуге айрықша құқықтарды 1-тарапқа берген күннен бастап есептеледі.

10.3. Бірлескен қызмет тоқтатылған жағдайда бірлескен қызметті жүзеге асыру процесінде туындаған және бірлескен қызмет тоқтатылған күні

орындалмаған Тараптардың міндеттемелері толық көлемде орындалғанға дейін күшінде қалады.

10.4. Шартқа қол қойылғаннан кейін Тараптардың ол бойынша барлық алдын ала келіссөздері, хат-хабарлары, Шартқа қандай да бір жолмен қатысты мәселелер бойынша ниеттері туралы хаттамалар заңды күшін жояды.

11. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ

11.1. Шарт талаптарын өзгерту туралы ұсыныс басқа Тарапқа өзгерістер енгізудің ұсынылған күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын жіберіледі. Шарт талаптарын өзгерту екіжақты келісім жасау жолымен немесе заңнамада айқындалған өзге де жазбаша нысанда Шарт жасалғандай нысанда жасалады.

11.2. Шартты бұзу Тараптардың келісімі бойынша мүмкін.

11.3. Осы Шартты орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.

11.4. 2-тараптың осы Шарт бойынша өзіне қабылданған міндеттемелерді орындамауына және/немесе тиісінше орындамауына байланысты, 2-тарап осы Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда 1-тарап осы Шарттың 4.4.12-тармағына сәйкес 2-тарап енгізген шарттың орындалуын ақшалай қамтамасыз етуді қайтармауға немесе банктік кепілдікті орындау туралы талап жіберуге құқылы.

11.5. Бірлескен қызмет тоқтатылған жағдайда бірлескен қызметті жүзеге асыру процесінде туындаған және бірлескен қызмет тоқтатылған күні орындалмаған үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелер ортақ болып табылмайды.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12.1. Осы Шартты орындау үшін Тараптардың барлық қатынастары хабарламалардың мазмұнын, сондай-ақ оларды жіберу және алу фактісін тіркеуге мүмкіндік беретін тәсілмен жазбаша нысанда жүзеге асырылуға тиіс. Тапсырысты поштаны, курьерлік немесе факсимильді байланысты пайдалануға рұқсат етіледі.

12.2. Тараптардың бірлескен шешімі бойынша бірлескен қызметке қатысушылар саны ұлғайтылуы мүмкін. Бұл ретте, егер консорциум атынан 1-тараптың және 2-тараптың уәкілетті өкілдері қол қойса, үшінші тұлғаны бірлескен қызметке қосу туралы шарттың заңды күші болады.

12.3. Тараптардың бірінің бірлескен қызметіне қатысу құқықтарын қоса алғанда, осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелерді басқаға беруге екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

12.4. Осы Шарттан туындайтын талап ету құқықтарын Тараптардың біріне беру екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен ғана мүмкін болады.

12.5. Шарт, сондай-ақ Шарттың орындалуына байланысты туындайтын барлық құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіруге жатады.

12.6. Егер осы Шарттың кез келген талаптары осы шақта немесе болашақта толық немесе бір бөлігінде заңсыз, жарамсыз немесе қолданылмайтын болып табылса, онда бұл талап осы Шарттың кез келген басқа талаптарының заңдылығына, жарамдылығына және қолданылуына толық немесе бір бөлігінде әсер етпейді.

13. Осы Шарт бірдей заңды күші бар орыс тілінде екі данада Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден жасалды. Шартта регламенттелген тәртіппен жасалған қосымшалар, толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

1-ТАРАП «City Transportation Systems» ЖШС Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 9 БСН 110540005586 БСК HSBKKZKX ЖСК KZ976018821000570211 «Қазақстан Халық банкі» АҚ Басқарма төрағасы _____ Ғ. Тәжиев ҚОЛЫ / М.О.	2-ТАРАП «_____» ЖШС Мекенжайы _____ БСН _____ БСК _____ ЖСК _____ Банк _____ Директор _____ Т.А.Ә. ҚОЛЫ / М.О.
--	---

Бірлескен шаруашылық қызмет туралы
202_ жылғы «___» _____
№ _____ шартқа
№1 қосымша

Тараптардың бірлескен қызметке қосқан салымдары

1-тараптың салымы:

№	Салым атауы	Сипаттамасы
1	Орталық мамандандырылған кассаның үй-жайы	200 ш.м., Р. Қошқарбаев даңғылы, 50/1 мекенжайында орналасқан
2	Трафикті басқару орталығы мен Диспетчерлік қызмет орталығының үй-жайы	520 ш.м., Ж. Нәжімеденов көшесі, 10/2
3	Жеңілдікті және мектеп көлік карталарын шығаруға, көлік карталарын сатуға арналған жабдық	Мамандандырылған жабдық
4	«ЖТЭЖ жеңілдік санатындағы азаматтар порталы» мамандандырылған порталы (http://benefe.transcard.kz)	Мамандандырылған портал жеңілдікті көлік карталарын шығару үшін қолданылады
5	«ЖТЭЖ орта оқу орындары оқушыларының порталы» мамандандырылған порталы (http://schools.transcard.kz)	Мамандандырылған портал мектеп көлік карталарын шығару үшін қолданылады

2---тараптың салымы:

А) Жабдық

№	Жабдық атауы
2	

1-тарап Басқарма төрағасы _____ Ғ. Тәжиев	2-тарап Директор _____ Т.А.Ә.
--	--

Бірлескен шаруашылық қызмет туралы
202_ жылғы «___» _____
№ _____ шартқа
№2 қосымша

Бірлескен қызмет нәтижелері туралы есеп

			Саны/теңге
№	Кіріс бабы	1-тарап	2-тарап
1	QR-код бойынша төлем	-	
2	Жалпы тарифтер бойынша «TRANSCARD» көлік картасымен валидациялау («Көлік әмияні»)	-	
3	Қолданыстағы тарифтер бойынша «TRANSCARD» көлік картасымен валидациялау («Көлік Әмиянынан» басқа):		-
3.1.	«Айлық жол жүру» тарифі бойынша «TRANSCARD» көлік картасымен валидациялау		-
3.2.	«Тәуліктік жол жүру» тарифі бойынша «TRANSCARD» көлік картасымен валидациялау		-
3.3.	«Ауысып отырумен сапарлар» тарифі бойынша «Transcard» көлік картасымен валидациялау		-
4	«TRANSCARD» жеңілдікті және мектеп көлік карталарымен валидациялау		-
5	«Transcard» («Аймақ») қала маңындағы жеңілдікті көлік карталарымен валидациялау		-
6	Банк карталарымен валидациялау	-	
7	Жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу	-	
8	Барлығы, Тараптардан:		
9	Барлығы, жалпы:		
10	12,96%		
11	2-тарапқа төлем		
12	1-тарапқа төлем		

1. Қабылданған төлемдер бойынша есеп (QR-код)

1-тарап 202_ жылғы «___» _____ № _____ шарт бойынша 2-тарап ұсынған, Астана қаласында жолаушылардың қоғамдық көлікте жол жүру ақысын электрондық түрде төлеу мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректері негізінде _____ бастап _____ дейінгі кезеңде жолаушылардан QR-код төлемі арқылы жол ақысын төлеу транзакцияларының жоғарыда көрсетілген саны мен сомасы қабылданғанын растайды:

Тариф	Саны
Қалалық 90 тг.	
Экспресс-180 тг.	
Қала маңы-90 тг	
Қала маңы-200 тг.	
Қала маңы-300 тг.	
Қала маңы-400 тг.	
Барлығы:	

2. Қабылданған төлемдер бойынша есеп («TRANSCARD» көлік картасымен жалпы тарифтер бойынша («Көлік әмияні»))

1-тарап 202_ жылғы «___» _____ № _____ шарт бойынша 2-тарап ұсынған, Астана қаласында жолаушылардың қоғамдық көлікте жол жүру ақысын электрондық түрде төлеу мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректері негізінде _____ бастап _____ дейінгі кезеңде жолаушылардан «Көлік әмияні» тарифі бойынша «TRANSCARD» көлік картасымен жол ақысын төлеу бойынша ақылы валидациялау жүргізілгенін растайды.

Тариф	Саны
Қалалық 90тг.	
Экспресс-180тг.	
Қала маңы-90 тг	
Қала маңы -200 тг.	
Қала маңы -300 тг.	
Қала маңы -400 тг.	
Барлығы:	

**3. Қабылданған төлемдер бойынша есеп
(«TRANSCARD» көлік картасымен қолданыстағы тарифтер бойынша
(«Көлік әмиянынан басқа»))**

1-тарап 202_ жылғы «___» _____ № _____ шарт бойынша 2-тарап ұсынған, Астана қаласында жолаушылардың қоғамдық көлікте жол жүру ақысын электрондық түрде төлеу мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректері негізінде _____ бастап _____ дейінгі кезеңде жолаушылардан «Айлық жол жүру» тарифі бойынша «TRANSCARD» көлік картасымен жол ақысын төлеу бойынша ақылы валидациялау жүргізілгенін растайды.

Тариф	Саны
Айлық жол жүру Қала 7 500 тг	
Айлық жол жүру Қала + Қала маңы 9 500 тг	
Айлық жол жүру Қала + Экспресс 10 000 тг	
Айлық жол жүру Бірыңғай 13 500 тг	
Үш айлық жол жүру 20 000 тг	
Барлығы:	

1-тарап 202_ жылғы «___» _____ № _____ шарт бойынша 2-тарап ұсынған, Астана қаласында жолаушылардың қоғамдық көлікте жол жүру ақысын электрондық түрде төлеу мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректері негізінде _____ бастап _____ дейінгі кезеңде жолаушылардан «Тәуліктік жол жүру» тарифі бойынша «TRANSCARD» көлік картасымен жол ақысын төлеу бойынша ақылы валидациялау жүргізілгенін растайды.

Тариф	Саны
1-тәуліктік жол жүру 500 тг	
3- тәуліктік жол жүру 1 500 тг	
5- тәуліктік жол жүру 2 000 тг	
15- тәуліктік жол жүру 4 000 тг	
ТІС	
Барлығы:	

1-тарап 202_ жылғы «___» _____ № _____ шарт бойынша 2-тарап ұсынған, Астана қаласында жолаушылардың қоғамдық көлікте жол жүру ақысын электрондық түрде төлеу мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректері негізінде _____ бастап _____ дейінгі кезеңде жолаушылардан «Ауысып отырумен сапарлар» тарифі бойынша «TRANSCARD» көлік картасымен жол ақысын төлеу

бойынша ақылы валидациялау жүргізілгенін растайды.

Тариф	Саны
Ауысып отырумен 15 сапар (сапарлар)	
Ауысып отырумен 15 сапар (ауысып отырулар)	
Ауысып отырумен 30 сапар (сапарлар)	
Ауысып отырумен 30 сапар (ауысып отырулар)	
Ауысып отырумен 1 сапар	
Барлығы:	

3. Қабылданған төлемдер бойынша есеп (қалалық жеңілдікті және мектеп көлік карталары)

1-тарап 2021 жылғы «___» _____ № _____ шарт бойынша 2-тарап ұсынған, Астана қаласында жолаушылардың қоғамдық көлікте жол жүру ақысын электрондық түрде төлеу мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректері негізінде _____ бастап _____ дейінгі кезеңде жолаушылардан жеңілдікті және мектеп санаты бойынша валидациялау жүргізілгенін растайды.

Тариф	Саны
Жеңілдікті карталар (қалалық бағдарлар)	
Жеңілдікті карталар (экспресс бағдарлар)	
Мектеп карталары	
7 жасқа дейінгі балалар	
Барлығы:	

4. Қабылданған төлемдер бойынша есеп (Аймақ қала маңындағы жеңілдікті көлік карталары)

1-тарап 2021 жылғы «___» _____ № _____ шарт бойынша 2-тарап ұсынған, Астана қаласында жолаушылардың қоғамдық көлікте жол жүру ақысын электрондық түрде төлеу мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректері негізінде _____ бастап _____ дейінгі кезеңде қала маңындағы жолаушылардың жеңілдікті санатынан валидациялау жүргізілгенін растайды.

Тариф	Саны
Қала маңы-90 тг	
Қала маңы -200 тг.	

Қала маңы -300 тг.	
Қала маңы -400 тг.	
Барлығы:	

5. Қабылданған төлемдер бойынша есеп (банктік карталар)

1-тарап 202_ жылғы «___» _____ № _____ шарт бойынша 2-тарап ұсынған, Астана қаласында жолаушылардың қоғамдық көлікте жол жүру ақысын электрондық түрде төлеу мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректері негізінде _____ бастап _____ дейінгі кезеңде жолаушылардан банктік карталармен жол ақысын төлеу жүргізілгенін растайды.

Тариф	Саны
Қалалық 90тг.	
Экспресс-180тг.	
Қала маңы-90 тг	
Қала маңы -200 тг.	
Қала маңы -300 тг.	
Қала маңы -400 тг.	
Барлығы:	

6. Қабылданған төлемдер бойынша есеп (қолма-қол төлемдер)

1-тарап 202_ жылғы «___» _____ № _____ шарт бойынша 2-тарап ұсынған, Астана қаласында жолаушылардың қоғамдық көлікте жол жүру ақысын электрондық түрде төлеу мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректері негізінде _____ бастап _____ дейінгі кезеңде жолаушылардан қолма-қол ақшамен жол ақысын төлеу жүргізілгенін растайды.

Тариф	Саны
Қалалық 180тг.	
Экспресс-250тг.	
Қала маңы -180 тг	
Қала маңы -300 тг.	
Қала маңы -500 тг.	
Қала маңы -700 тг.	
Барлығы:	

1-тарап

Басқарма төрағасы
_____ **Ғ. Тәжиев**

2-тарап

Директор
_____ **Т.А.Ә.**

**Жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық және қала маңындағы
автомобильмен тасымалдауда жол ақысын Transcard көлік
карталарымен және банк карталарымен төлеу
қызметтерін көрсетуге
ТЕХНИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІК**

Техникалық сипаттамалар:

1. Мобильді қосымша арқылы электрондық чекті алудың кепілдендірілген уақыты – _____ секундқа дейін.
2. Жеңілдік тарифтері бар жолаушыларды қолдау. Интернет порталда немесе мобильді қосымшада жеңілдікті тариф алуға құқығы бар жолаушыларды тіркеу.
3. Жүйенің нақты уақыт режиміндегі жұмысы, төлемдердің ашықтығы. Порталда және мобильді қосымшада жолаушылар мен тасымалдаушыларға арналған онлайн-мәліметтер.
4. Transcard көлік карталарын оқу бойынша қолданыстағы жол ақысын төлеудің электрондық жүйесімен интеграция.
5. Жолаушыларға арналған қызмет комиссиясыз ұсынылады.
6. Жүргізушілер, кондукторлар және бақылаушылар үшін төлемдерді бақылау жүйесінің болуы. Бақылау жүйесі көлік және банк карталарын қолдану арқылы электрондық чектерді тексерудің автоматты жүйесін қамтуы керек.
7. Жүргізушілер, кондукторлар және бақылаушылар үшін Android немесе iOS операциялық жүйесі бар телефондарға арналған мобильді қосымшаның болуы.
8. Әрбір тасымалдаушы үшін жеке интернет портал ұсынылады. Порталда тасымалдаушылар төлемдер, көлік құралдары бойынша ақпаратты басқару, есептер жүйесі бойынша ақпаратқа қол жеткізе алады.
9. Жолаушыларға көлік құралында жол жүру ақысын төлеу бойынша қызметтер сағат 05:00-ден 00:00-ге дейін қолжетімді болуы тиіс.

Пайдалану сипаттамалары:

1. Қоғамдық көлікте жол ақысын банк картасымен, transcard көлік карталарымен төлеу процесі келесі операциялардан тұрады:
 - Жолаушыларға transcard көлік карталарының барлық түрлері арқылы немесе банк картасымен көлік құралындағы валидаторға басу арқылы (1-2 секунд ішінде оқу) барлық тарифтер бойынша жол жүру ақысын төлеу ұсынылады. Transcard көлік карталарын лезде толықтыру бойынша

сервистердің міндетті түрде болуы. Жол ақысын төлеудің электрондық жүйесіне тәулік бойы қол жеткізу және автобус парктері мен бағдарлар, сондай-ақ көлік және банк карталарының операциялары бойынша жүргізілетін операциялар бойынша есептілікті қалыптастыру.

- Жолаушыларға арналған қызмет қосымша ақшалай алымдар мен комиссияларсыз ұсынылуы керек.

2-тарап жол ақысын төлеу жөніндегі қызметке қосылу, тестілеу және жұмыс істеуі кезеңінде өз есебінен техникалық қолдауды қамтамасыз етеді.

2-тарап қолданыстағы сайттың және мобильді қосымшаның болуын растайды.

1-тарап әлеуетті Өнім берушінің сайттарында, әлеуетті Өнім берушінің мобильді қосымшаларында ақпаратты орналастыру арқылы әлеуетті Өнім берушінің клиенттерін көрсетілетін қызмет туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

2-тарап тұрақты негізде (кемінде үш күнде бір рет) Шартқа қол қойылған күннен бастап жол ақысын төлеу жөніндегі операциялар туралы талдамалық е

т
е
р
д
і

1-тарап

Басқарма төрағасы

_____ **Ғ. Тәжиев**

2-тарап

Директор

_____ **Т.А.Ә.**

Ұ
с
ы
н
а
д
ы

Техникалық және пайдалану талаптарының тізбесі

А) Пайдалану талаптарының тізбесі:

1. «24/7» форматында жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобильмен тасымалдауда диспетчерлендірудің мынадай қызметтерін көрсету:

- есептік деректерді талдау және өңдеу;
- жолаушыларды сапалы және дұрыс ақпараттандыру;
- жылжымалы құрамның жұмысы мен жай-күйін есепке алу, жылжымалы құрамның мониторингі;
- аялдама пунктіне автобустың келу уақытын болжау;
- жүргізушілерді дербестендіру және жүргізушімен кері байланыс;
- әрбір автобус бойынша жолаушылар ағыны туралы ақпарат жинау;
- көлік құралын қадағалау және онымен өзара іс-қимыл жасау (терезе және мониторинг командалары бойынша, көрсетілген бағдар бойынша, көрсетілген кесте бойынша, кесте бойынша көлік құралының қозғалыс индикаторына сәйкес);
- онлайн/офлайн форматында автобустардың қозғалыс кестесі.

2. Жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінің және диспетчерлендіру жүйесінің жұмыс қабілеттілігін жабдықты уақтылы техникалық сүйемелдеумен қамтамасыз ету, бұл ЖТЭЖ және диспетчерлендірудің жабдықтары мен бағдарламалық қамтамасыз етуінің дұрыс жұмыс істеуінің алдын алу және қамтамасыз ету жөніндегі тұрақты регламенттік жұмыстардың ауқымын білдіреді.

3. Жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінің және диспетчерлендіру жүйесінің жұмыс қабілеттілігін оларды орындау қажеттілігі механикалық бұзылу, физикалық тозу немесе жабдықтың істен шығуы салдарынан туындайтын уақтылы авариялық-қалпына келтіру жұмыстарымен қамтамасыз ету.

4. Диспетчерлендіру жүйесінің аялдама пункттеріндегі қолданыстағы ақпараттандыру таблосымен интеграциясын қамтамасыз ету.

4. Жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінің және диспетчерлендіру жүйесінің жұмыс қабілеттілігін қажетті функциялардың және/немесе дерекқорлардың жоғалуымен сипатталатын бағдарламалық қамтамасыз ету функционалдығының ішінара немесе толық жоғалуы кезінде жүргізілетін мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді уақтылы авариялық-қалпына келтіру жұмыстарымен қамтамасыз ету.

5. 2-тараптан тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету (Help Desk) арқылы өтініштерді (өтінімдерді) қабылдауды жүзеге асыруға тиіс диспетчерлік техникалық қызметтің болуы.

2-тараптың өтініштерді (өтінімдерді) қабылдауы тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету (Help Desk) арқылы жүргізіледі. Өтінім бергеннен кейін 2-тарап өтінімді жұмысқа қабылдайды.

Жарамсыздықты жою жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін 2-тарап Help Desk-те өтінімнің мәртебесін «Пысықталды» деп өзгертеді. 1-тарап өтінімді пысықтау сапасын тексереді және жабдықтың немесе БҚ-ның өтінім берілген 2 сағат ішінде дұрыс жұмыс істеуі кезінде 1-тарап «Жабық» мәртебесін қояды. Жою тіркелген сәттен бастап 2 сағат ішінде жарамсыздық пайда болған жағдайда, өтінім жабық деп есептелмейді және 2-тарап 1-тарап «Жабық» мәртебесімен өтінімді жапқанға дейін жарамсыздықты сапалы жою үшін кестеде көрсетілген барлық шараларды қолдануға міндетті:

р/с №	Оқиға сипаттамасы	Басымдық	Жою мерзімдері
1	Жүргізуші планшеті қосылмайды	Жоғары	Жоюды әлеуетті өнім беруші желіде Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 2 сағат ішінде жүргізеді, бұл ретте әрекет ету уақыты тәуліктің кез келген уақытында 1 сағаттан аспайды;
2	Роутердегі жүйеде жүргізушіні авторизациялаумен проблема	Жоғары	Жоюды әлеуетті өнім беруші желіде Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 2 сағат ішінде жүргізеді, бұл ретте әрекет ету уақыты тәуліктің кез келген уақытында 1 сағаттан аспайды;
3	Қосылған POS валидаторларының саны көрсетілмейді (валидаторлармен байланыс жоқ)	Жоғары	Жоюды әлеуетті өнім беруші желіде Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 2 сағат ішінде жүргізеді, бұл ретте әрекет ету уақыты тәуліктің кез келген уақытында 1 сағаттан аспайды;
4	Роутерге қосылу мүмкін емес	Төмен	Ақауларды жоюды әлеуетті өнім беруші тәуліктің кез келген уақытында келесі жоспарланған желіге шығу басталғанға дейін автокәсіпорын аумағында автобус ауысымы аяқталғаннан кейін жүргізеді;
5	POS билетін валидатор басып шығармайды	Жоғары	Жоюды әлеуетті өнім беруші желіде Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 2 сағат ішінде жүргізеді, бұл ретте әрекет ету уақыты тәуліктің кез келген уақытында 1 сағаттан аспайды;
6	Роутерге қосылу мүмкін емес	Төмен	Ақауларды жоюды әлеуетті өнім беруші тәуліктің кез келген уақытында келесі жоспарланған желіге шығу басталғанға дейін автокәсіпорын аумағында автобус ауысымы аяқталғаннан кейін жүргізеді;
7	Жүргізуші планшеті, роутер, POS валидаторы қосылмайды	Жоғары	Жоюды әлеуетті өнім беруші желіде Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 2 сағат ішінде жүргізеді, бұл ретте әрекет ету уақыты тәуліктің кез келген уақытында 1 сағаттан аспайды;
8	GSM/GPRS байланысы жоқ	Жоғары	Жоюды әлеуетті өнім беруші желіде Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 2 сағат ішінде жүргізеді, бұл ретте әрекет ету уақыты тәуліктің кез келген уақытында 1 сағаттан аспайды;

			аспайды;
9	Желіге қосылу мүмкін емес (ұялы байланыс операторы желіні қамтымайды)	Жоғары	Жоюды әлеуетті өнім беруші желіде Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 2 сағат ішінде жүргізеді, бұл ретте әрекет ету уақыты тәуліктің кез келген уақытында 1 сағаттан аспайды;
10	GPS белсенді емес	Жоғары	Жоюды әлеуетті өнім беруші желіде Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 2 сағат ішінде жүргізеді, бұл ретте әрекет ету уақыты тәуліктің кез келген уақытында 1 сағаттан аспайды;
11	Жүргізуші туралы ақпарат келмейді	Жоғары	Жоюды әлеуетті өнім беруші желіде Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 2 сағат ішінде жүргізеді, бұл ретте әрекет ету уақыты тәуліктің кез келген уақытында 1 сағаттан аспайды;
12	Автобустың орналасқан жерінің дұрыс көрсетілмеуі	Жоғары	Жоюды әлеуетті өнім беруші желіде Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 2 сағат ішінде жүргізеді, бұл ретте әрекет ету уақыты тәуліктің кез келген уақытында 1 сағаттан аспайды;
13	Ауысым ашылмайды	Жоғары	Жоюды әлеуетті өнім беруші желіде Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 2 сағат ішінде жүргізеді, бұл ретте әрекет ету уақыты тәуліктің кез келген уақытында 1 сағаттан аспайды;
14	Әріптік-цифрлық табло қосылмайды	Жоғары	Жоюды әлеуетті өнім беруші желіде Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап 2 сағат ішінде жүргізеді, бұл ретте әрекет ету уақыты тәуліктің кез келген уақытында 1 сағаттан аспайды;
15	Жолаушыларды санау қадағасы жұмыс істемейді	Төмен	Ақауларды жоюды әлеуетті өнім беруші тәуліктің кез келген уақытында келесі жоспарланған желіге шығу басталғанға дейін автокәсіпорын аумағында автобус ауысымы аяқталғаннан кейін жүргізеді;
16	Аудиохабарландыру жүйесі қосылмайды	Төмен	Ақауларды жоюды әлеуетті өнім беруші тәуліктің кез келген уақытында келесі жоспарланған желіге шығу басталғанға дейін автокәсіпорын аумағында автобус ауысымы аяқталғаннан кейін жүргізеді;
17	Бейнебақылау жүйесі қосылмайды	Төмен	Ақауларды жоюды әлеуетті өнім беруші тәуліктің кез келген уақытында келесі жоспарланған желіге шығу басталғанға дейін автокәсіпорын аумағында автобус ауысымы аяқталғаннан кейін жүргізеді;

Диспетчерлендіру жүйесіне қойылатын талаптар

Диспетчерлендіру

1. Диспетчерлендіру БҚ-да 3 секундқа дейін деректерді беру кезеңділігімен нақты уақыт режимінде автобустарды көрсету. Орталықпен байланыс жоғалған жағдайда деректерді офлайн, автономды режимде кемінде 3 күн жазуды жүзеге асыру, байланыс қалпына келтірілгеннен кейін – деректерді Орталыққа беру (міндетті);

2. Бағдарлық автобустарды түс индикаторлары бойынша көрсету мүмкіндігі (озу, уақытында, кеш, сигнал жоқ, паркте, желіде емес, байланыссыз және т.б.) **(міндетті)**;

3. Бағыттау кезінде автобус туралы ақпаратты шығару (гараж нөмірі, бағдар нөмірі, шығу нөмірі, автобус жылдамдығы, келесі аялдама), ал басқан кезде (жүргізушінің Т.А.Ә., жүргізушінің телефоны,) **(міндетті)**;

4. Қозғалыс бағыты бар автобустарды топтары бойынша (гараж нөмірі бойынша, парктер бойынша, модельдер бойынша, индикациялар бойынша және т.б.) кестелік және картографиялық түрде көрсету, сүзу, сұрыптау мүмкіндігі **(міндетті)**;

5. Бүкіл бағдар бойынша аялдама пункттерінің атауын сызықтық түрде және басқан кезде картографиялық түрде көрсету мүмкіндігі **(міндетті)**;

6. Аялдама пунктін кесте түрінде іздеу және бағдарды таңдамай картографиялық түрде көрсету мүмкіндігі **(міндетті)**;

7. Бір (таңдалған) бағдардың сызықтық түрінде ілеспе бағдарлық автобустарды көрсету функциясының болуы **(міндетті)**

8. Бағдар сызығын сызықтық және картографиялық түрде бағыттар бойынша (тікелей/кері жеке және бірге) көрсету мүмкіндігі **(міндетті)**;

9. Аялдама пунктін белгішесін басқан кезде өтетін бағдарлардың тізімі, автобустардың аялдама пунктіне жоспарлы және нақты келуі туралы ақпаратты сызықтық және картографиялық түрде шығару **(міндетті)**;

10. Пайдаланушының сұрауларына әрекет ету уақыты 1 секундтан аспауы тиіс (есептерді түсіру 3 секундтан аспауы тиіс) **(міндетті)**;

11. Топтарды (бағдар, парк, санат, еркін сүзу) және жеке анықтау мүмкіндігімен диспетчерлік бөлменің push-хабарламаны жүргізушілерге жіберу мүмкіндігі **(міндетті)**;

12. Орталыққа хабарлау арқылы желіден шығулар мен тоқтап қалулар кезінде автобусты автоматты түрде сәйкестендіру **(міндетті)**;

13. Топтарды (бағдар, парк, санат, еркін сүзу) және жеке анықтау мүмкіндігімен жүргізушіге дыбыстық хабарлама жіберу **(міндетті)**;

14. Жүргізушінің орталыққа Операторға кемінде 5 тіркелген мәтіндік хабарлама жіберуі **(міндетті)**;

15. Тапсырыс берушінің нысаны және форматы (Excel) бойынша құжатты түсіру функциясын жүзеге асыру **(міндетті)**;

16. Кез келген уақытта Диспетчерлендіру БҚ-дағы бағдарламаға жүргізушілер мен автобустардың нарядын жүзеге асыру **(міндетті)**;

17. Диспетчерлендіру жүйесінде логин/парольді және картаны енгізу арқылы жүргізушіні авторизациялау мүмкіндігі **(міндетті)**;

18. Қолмен және автоматты және мәжбүрлі бұғаттау функциясы бар жүргізушілердің қара тізімінің болуы **(міндетті)**;

19. Жүргізушілерді базадан ауысымға жүктей отырып немесе шығару кезінде жүргізушіні дербес авторизациялай отырып, жүргізушілер базасын қалыптастыру (Т.А.Ә., байланыс деректері, қабылдау күні, оқыту күні және нәтижесі, бұзушылық фактілері, ЖКО және т.б.). Оператор дерекқорға белгілі бір теріс шарттарды енгізген кезде, сүзу, сұрыптау және түсіру мүмкіндігімен

авторизациялау және бағдарға тиеу үшін қолжетімділікті жабумен жүргізушіні «қара тізімге» автоматты түрде ауыстыру (**міндетті**);

20. Автобустар мен жүргізушілер нарядының деректерінің қайталануын болдырмау (автобус, жүргізуші деректері, жүру уақыты және т.б.) (**міндетті**);

21. БҚ-мен жұмыс істеу бойынша толық нұсқаулық (**міндетті**);

Жабдық:

22. Диспетчерлендіру БҚ-ны Серіктестіктің қолданыстағы жабдықтарына интеграциялау мүмкіндігі – бағдардың нөмірі мен бағытын көрсету үшін автобустардағы сыртқы табло (**міндетті**);

23. Диспетчерлендіру БҚ-ны Серіктестіктің қолданыстағы жабдықтарына интеграциялау мүмкіндігі – аялдамалардағы хабарлау таблосы (**міндетті**);

24. Диспетчерлендіру БҚ-ны Серіктестіктің қолданыстағы жабдықтарына интеграциялау мүмкіндігі – аялдамаларды аудио хабарландыру (**міндетті**);

25. Диспетчерлендіру БҚ-ны Серіктестіктің қолданыстағы жабдықтарына интеграциялау мүмкіндігі – автобустарда орнатылған жолаушылар ағынын есептеу қадағалары (**міндетті**);

26. Диспетчерлендіру БҚ жабдығының деректерін қашықтан жаңартудың және жинаудың болуы (**міндетті**);

27. Жабдықтың 2G, 3G, 4G байланыс арналарымен жұмыс істеуі (тек 2G болуына жол берілмейді) (**міндетті**);

28. Орталықпен байланыс жоғалған жағдайда, деректерді офлайн форматта, автономды режимде кемінде 3 күн жазуды жүзеге асыру, байланыс қалпына келтірілгеннен кейін – деректерді Орталыққа беру (**міндетті**);

29. Барлық ашық деректерді тасымалдауға арналған API болуы (**міндетті**);

30. Жүргізушіні сәйкестендіру, схеманы, кестені қарау, бағдарды өзгерту, Орталыққа сұратулар жіберу, Орталықтан командалар алу үшін жүргізушінің арнайы жабдықпен жұмыс істеу мүмкіндігі (**міндетті**);

31. Өтінім берілген сәттен бастап 2 сағат ішінде ЖТЭЖ, диспетчерлендіру және периферия жабдықтарының ақауларын жою үшін жедел техникалық қызметтің болуы (**міндетті**);

32. ЖТЭЖ, диспетчерлендіру және периферия жабдығының әр түрлі күрделілігін жөндеуге арналған жөндеу қызметі мен зертханасының (қажет болған жағдайда) болуы (**міндетті**);

33. Жүйенің қызмет көрсету ұйымына – Help Desk өтінім беру функциясы (жүйенің қателерін жөндеу және түзету үшін). ЖТЭЖ, диспетчерлендіру және периферия жабдықтарын (табло, аудио хабарландыру, бейнебақылау және т.б.) жөндеу бойынша өтінімдерді пысықтауға арналған платформаның болуы (**міндетті**);

34. Рейстегі автобус қозғалысының нақты бағытына сәйкес бағдар бағытын автобустың сыртқы таблосына автоматты түрде ауыстыру мүмкіндігі (**міндетті**);

35. ЖТЭЖ мен диспетчерлендіру жабдығының екі сим-картамен және бір сим-карта жарамсыз болған кезде бір сим-картадан екіншісіне автоматты түрде ауысу функциясымен жұмыс істеу мүмкіндігі (**міндетті**);

36. ЖТЭЖ және диспетчерлендіру жабдығының тәуелсіз байланыс арналары бойынша жұмыс істеу мүмкіндігі (**міндетті**);

Кесте және схемалар:

37. Серіктестікте БҚ параметрлерін, сервистік деректерін өзгертуге толық әкімшілік құқықтардың болуы (**міндетті**);

38. Істен шығулардың алдын алу үшін сервистік деректердегі (Серіктестік БҚ-ға енгізетін) қателерді тексеру және анықтау (**міндетті**);

39. БҚ-ға қате сервистік деректерді енгізуге жол бермеуді қамтамасыз ету (**міндетті**);

40. Атауларды, схемаларды, аялдама пункттерінің тізбесін құру, өзгерту, аялдамаларға байланыстыру, бағдарлардың базасын және мұрағатын (өзгерістер тарихын) жүргізу мүмкіндігі (**міндетті**);

41. Картада көрсету арқылы атауларды, ID аялдамаларды құру, өзгерту, координаттарға байланыстыру, бағдарлар базасын және мұрағатын (өзгерістер тарихын) жүргізу мүмкіндігі (**міндетті**);

42. Жаңа бағдарлар құру кезінде ID бойынша аялдамаларды таңдау, схеманы түзету мүмкіндігімен бағыттар бойынша аялдамаларға байланыстыра отырып, картада бағдар схемасын автоматты түрде көрсету үшін бағдарлар схемаларын өзгерту мүмкіндігі (схеманы дұрыс көрсетпеген жағдайда) (**міндетті**);

43. Бағдар кестесін, бағдарлар жұмысының кестесі мен күнтізбесін, кестелерін құру, өзгерту, базаны және мұрағатты (өзгерістер тарихын) жүргізу мүмкіндігі (**міндетті**);

44. Бағдар бойынша автобустардың қозғалыс кестесін автоматты түрде жасау. Бастапқы деректерді енгізу кезінде тек негізгі аялдама пункттері (бақылау пункттері) үшін бір бағдардың барлық аялдама пункттері бойынша автобустардың қозғалыс кестесін автоматты түрде жасау. Негізгі аялдама пункттерінің (бақылау пункттерінің) жалпы саны 6 бірліктен аспайды (**міндетті**);

45. Кесте құру кезінде бастапқы деректерді енгізу мүмкіндігі (аялдамалар арасындағы уақыт, рейстің басталу уақыты, үзіліс уақыты, рейстер саны және т.б.) (**міндетті**);

46. Бақылау нүктелерінің өту уақытының тарихи деректерін автоматты талдау негізінде қозғалыс кестесін автоматты түрде құру (**міндетті**);

47. Қозғалыс тоқтатылған және т.б. жағдайда схеманы жедел өзгерту үшін бағдар схемасының резервтік өзгермелі көшірмелерін жасау мүмкіндігі (**міндетті**).

Есептер:

48. Қозғалыс жылдамдығын көрсететін картада автобустың бірнеше жолын (кем дегенде 30) құру мүмкіндігі (**міндетті**);

49. Ганта талдауы түріндегі айналымдарды орындау бойынша жедел есеп (**міндетті**);

50. Қозғалыс жолын күндер, апталар, айлар, жылдар бойынша көру мүмкіндігімен автобустар, рейстер бойынша егжей-тегжейленген бағдарлар бойынша орындалған рейстер бойынша есептің болуы (**міндетті**);

51. Сүзгіден өткізілетін кезеңдегі (сағат, күн, апта, ай, жыл) диаграмма және гистограмма түріндегі айналымдарды орындау бойынша жедел есеп (**міндетті**);

52. Есептерді құрастырушы арқылы есептерді құру мүмкіндігі (Серіктестікте қолжетімділіктің болуы) және жүйені пайдалану барысында жаңа есептерді жасау мүмкіндігі (**міндетті**);

53. Қозғалыс аралығын сақтау бойынша есептің болуы (**міндетті**);

54. Автобустардың бағдар бойынша желіде болуы жөнінде динамикалық есептің болуы (жоспар, факт, желіден шығу, таңертеңнен бастап ашық шығу) (**міндетті**);

55. Бағдарлар схемасын белгіленген %-дан жоғары бұзу бойынша есептің болуы (**міндетті**);

56. Барлық жабдықтардың жұмысын бақылау және мұрағаттағы ақауларды бақылау мүмкіндігі (есеп) (**міндетті**);

57. Есептердің барлық түрлерінде белгілі бір уақыт пен күнді таңдау, уақыт/күн кезеңдері бойынша сүзгіден өткізу мүмкіндігі (**міндетті**);

58. Мұрағаттық деректерде сақтау мүмкіндігімен желіден шыққан автобустар бойынша есепке алуды, бақылауды және айқындауды жүргізу мүмкіндігі (**міндетті**);

Бақылаушының мобильді терминалы:

1) қоғамдық көлікте жол ақысын тексерудің техникалық құралдарының болуы – мамандандырылған бақылаушының бағдарламалық қамтамасыз етуі бар мобильді терминалы (Комиссия үшін көрсету):

- операциялық жүйе, атауы/нұсқасы - OS Android 9 (жоғары) / Linux;
- аккумулятор сыйымдылығы, кемінде 5000 mAh;
- соққыға төзімді орындау;
- 4,5 және одан жоғары дисплей;
- байланыс түрі, /3G/4G;
- GPS;
- жад, кемінде 4GB RAM+16GB ROM;
- процессор, кемінде 2 ГГц;
- камера 13 Мр;
- жұмыс температурасы: -20°C to 40°C;
- сақтау температурасы: -10°C to 30°C;
- ЖТЭЖ бұғаттау функциясы (төлемдердің барлық түрлері);
- транзакцияның егжей-тегжей көрсетуі;
- көлік карталарының теңгерімін тексеру;
- тексерулер бойынша есептілік;
- төлемдердің барлық түрлерін тексеру.

1-тарап

Басқарма төрағасы

_____ **Ғ. Тәжиев**

2-тарап

Директор

_____ **Т.А.Ө.**